



БІЛІМ ШЫНЫ- ҒЫЛЫМ СЫРЫ

№12 (062) желтоқсан 2020 жыл

Педагогтар мен оқушыларға арналған республикалық ғылыми-әдістемелік, танымдық, мәдени-рухани журнал



*АЛТАЕВА Зубайра Кеңесқызы,
Түркістан облысы Адамн әлеуетті дамыту
басқармасының бас маманы.*

**ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰМАРЫМЫЗ,
БІЛІМ - НҰРЛЫ ШЫРАҒЫМЫЗ**

Мектеп - білімнің нұрлы ордасы



*МАМШЕТОВ Ахмет Досалыұлы,
Хамза атындағы №53 жалпы орта білім беретін
мектеп директоры.
Шымкент қаласы*



ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰМАРЫМЫЗ, БІЛІМ - НҰРЛЫ ШЫРАҒЫМЫЗ

**АЛТАЕВА Зубайра Кеңесқызы,
Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту
басқармасының бас маманы.**



Қазақ Елі тарихындағы ең маңызды оқиға Ел тәуелсіздігі жарияланған күн екені даусыз. Сондықтан да Тәуелсіздік күні елімізде жыл сайын 16 желтоқсанда ерекше салтанатпен тойланатын жалғыз ұлттық мереке болып табылады. Тәуелсіздік күні туралы мемлекетіміздің негізін қалап, 30 жыл басқарған, жарқын бастамаларын жүзеге асырып, ел бірлігін сақтаған, халық сенімін ақтаған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтан артық ешкім айта алмайды деп ойлаймын. «Біз 1991 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіздігімізді жер жүзіне жариялап, күллі әлемге паш еттік. Алдымен көне түріктің бөрілі байрағының мұрагері – Көк Туымызды Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде желбіреттік. Өнұранымызды әлем көгінде әуелеттік, Елтаңбамызды мәңгілік мөрге айналдырдық. Төл теңгемізді енгізіп, Ата Заңымызды қабылдадық, Қарулы Күштерімізді құрып, Шекарамызды шегендедік. Мемлекеттік тілімізді әлемнің ең биік мінберінен сөйлеттік. Біз 1500 жыл бұрын Күлтегін ұстынында жазылған «Мәңгілік Ел» ұғымын жалпыұлттық идеяға айналдырып, ЕЛДІГІМІЗДІҢ 15 ҒАСЫРЛЫҚ ТАМЫРЫНА НӘР БЕРДІК, мәңгі жасыл етіп гүлдендірдік. Терең тарихымыз бен мыңжылдық болашағымызды сабақтастырып, Мәңгілік Ел болудың дара жолына түстік» деді Елбасымыз Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде. Біз зулап өтіп жатқан уақытты тиімді пайдаланып, әрдайым алға баса беретін, кемел келешегіне сенетін қайсар халықпыз. Әрбір сәті жасампаздықтың жарқын көрінісіндей жылдар жылжып барады. Қазақ Елі тәуелсіздік жылдарында сан ғасырлық жолдан өтіп, қаншама биік белестерді бағындырды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Енді санаулы күннен соң біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам басамыз. Бұл – ел дамуындағы аса маңызды белес, тарихи меже. Сондай-ақ, жетістігімізді саралап, болашағымызды бағамдайтын кезең. Келер жылғы мерейтойлық іс-шаралардың мазмұнына ерекше мән береміз. Оның әрқайсысы терең мағыналы және қоғам үшін пайдалы болуға тиіс. Сонымен қатар, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беруі шарт» деп атап өтті. Тәуелсіздік жылдарында толағай табыстарға қол жеткізген Қазақ Елінің әрбір азаматы бақытты деп ойлаймын. Бақыт бағасын білгеннің ғана басында тұратыны белгілі. Ата-бабаларымыз аңсаған азаттығымызды бағалай білуі үшін жас ұрпақ тәуелсіздік тарихын терең түсінуі керек. Тәуелсіздігімізді жариялағанымызға аз ғана уақыт болса да біз сан мыңжылдық тарихы бар ғажайып елміз деп мақтанышпен

айта аламыз.

1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған Алтын адам біздің терең тарихы бар екенімізді дәлелдеді. Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін “хайуанат нақышында” жасалған.

Алтын адамның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды, төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі Елтаңбамызға енді. Алтын адам – Қазақстанның азаттық символына айналды. Сондықтан да Алматыдағы Республика алаңында Қазақстан тәуелсіздігіне бес жыл толуы құрметіне тұрғызылған тәуелсіздік монументінде Алтын адам бейнеленген.

Біздің дәуірімізден бұрынғы 1 мыңжылдықта өмір сүрген Сақ тайпаларынан бастау алатын тарихымызды еліміздің әрбір азаматы мақтан тұтуы тиіс.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде білім саласы басым бағытта дамып, әлемдегі озық елдердің қатарына қосылып келеміз. Елбасымыздың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Болашақ» бағдарламасы бойынша 1993 жылдан бері 13 мыңнан аса жас шетелдердің іргелі білім ордаларында білім алып, заман талабына сай білікті маман болды. Бүгінде олар еліміздің білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылым мен техника салаларында, мемлекеттік қызметтерде табысты еңбек етіп жүр. Назарбаев Университеті әлемдегі беделі биік оқу орнына айналды. Еліміздің барлық мектептері жаңартылған білім мазмұнына көшірілуде. «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып, ұстаздардың жалақысы жыл сайын 25% көбеюде. Тәуелсіздік жылдарында елімізде 1500-ден аса мектеп салынды. Алдағы 5 жылда тағы жаңа 800 мектеп салынады деп жоспарлануда. Соның арқасында апатты және үш ауысыммен оқытатын мектептер мәселесі толық шешілетін болады. Тәуелсіздік-тұмарымыз, білім – нұрлы шырағымыз. Таң шапағындай шуақты Тәуелсіздігіміздің арқасында Қазақ Елі қуатты мемлекетке айналып келеді. 2 млн. 724,9 мың шаршы шақырым аумақты алып жатқан еліміз әлем елдері арасында жер көлемі бойынша тоғызыншы орында. Асқар таулары, жайнаған баулары бар, көлдері мен шөлдері, көктемге құлпырған белдері бар ұлан байтақ жерімізді көздің қарашығындай қорғау Қазақ Елінің әрбір азаматының қасиетті борышы болып саналады. Қазақ Елін берекелі болашаққа бастаған Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

БӘРІМІЗДЕ БІР ОТАН



ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор



Күтпеген оқиғаларға толы 2020 жыл да аяқталып келеді. 2021 жылы Қазақ Елі Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейлі мерекесін атап өтеді. «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауымен басталмақ. Мұның символдық мәні зор. Бұл дода барлық мерейтойлық іс-шараларға идеологиялық және мазмұндық тұрғыдан тың серпін беретіні анық. Алдағы сайлау қоғамның біртұтастығын және береке-бірлігімізді бекемдей түседі деп сенемін» деді Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Nur Otan партиясының кезектен тыс XX құрылтайында сөйлеген сөзінде. 2021 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламентінің мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауы болады. Мәслихаттар сайлауы алғаш рет партиялық тізім бойынша өтеді. Сондықтан да партиялардың қоғамдағы атқаратын қызметі арта бастады. Осы жағдайларды ескере отырып, еліміздегі жетекші партияның тарихына тоқталып өтейін. 1999 жылы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Отан» партиясы құрылған болатын. 1999 жылғы 12 ақпанда партия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуден өтті. Міне, осы күн Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихындағы партия қызметінің өз жұмысын бастаған уақыты болып есептеледі. Партия мұрағатында Республикалық «Отан» саяси партиясының мүшесі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1999 жылдың 22 ақпанымен белгіленген есеп кітапшасы мұқият сақтаулы. 1999 жылғы 1 наурыз партияның I құрылтай съезі өтіп, онда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бірауыздан партия

Төрағасы болып сайланып, Саяси кеңес, Орталық ревизия комиссиясының құрамы бекітіліп, партия Жарғысы қабылданды. 2006 жылғы 4 шілдеде Астанада Республикалық «Отан» саяси партиясының кезектен тыс IX съезі өтіп, «Асар» партиясының, ал, 2006 жылғы 22 желтоқсанда өткен кезектен тыс X съезде Азаматтық және Аграрлық партиялардың «Отан» РСП қатарына қосылуы туралы шешім қабылданды. Партияның X съезінде көпшілік дауыспен Қазақстанның жетекші саяси күшін «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы етіп өзгерту туралы шешім қабылданды. 2013 жылғы 18 қазанда «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясы «Нұр Отан» партиясы болып өзгертілді.

2020 жылғы 25 қарашада өткен Nur Otan партиясының кезектен тыс XX құрылтайында партияның 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа – лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасы қабылданды.

Бағдарламада негізгі төрт басымдық бар:

БІРІНШІ – Әр азаматқа өз әлеуетін жүзеге асыру үшін тең мүмкіндік беру;

ЕКІНШІ БАСЫМДЫҚ – саламатты зияткер ұлт қалыптастыру;

ҮШІНШІ БАСЫМДЫҚ – экономика мен өңірлердің орнықты дамуы;

ТӨРТІНШІ БАСЫМДЫҚ – есеп беретін, «халық үніне құлақ асатын» мемлекет және жауапты азаматтар.

Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасын таныстырған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былай деп атап өтті: «Экономикадағы қиындықтарға қарамастан, Nur Otan партиясы бағдарламаны жүзеге асыру үшін Үкіметпен бірлесіп, алдағы бесжылдыққа 21 триллион теңге бөлуді жоспарлап отыр. Бағдарламада елдің әлеуметтік ілгерілеуіне және халықтың әлауқатын арттыруға бағытталған нақты әрі тиімді шаралар ұсынылады. Партия жұртшылықтан келіп

КӨШБАСШЫМЫЗ - *Nur Otan*

түскен ұсыныс-тілектерді назарға алды. Біздің бағдарламамызды бүкіл еліміз дайындады деуге толық негіз бар...

Жаңа жаһандық сын-қатерлер ескеріле отырып, білім, ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларына жұмсалатын қаражат ұлғайтылатын болады. Бұл – адам капиталына, еліміздің болашағына салынатын стратегиялық инвестиция...

2023 жылға қарай дәрігерлердің еңбекақысы 2,5 есе өседі. Басты мақсат – қазақстандықтардың орташа өмір сүру жасын 75-ке дейін ұзарту. Саламатты өмір салты мен бұқаралық спортты дамыту зор маңызға ие. Сондықтан балалар мен жасөспірімдер клубтарын тек шағын және орташа қалаларда ғана емес, сондай-ақ тірек боларлық барлық ауылда ашу қажет. Сонымен қатар жаттықтырушы-оқытушылардың еңбекақысын көтеру керек. Әрбір ауылдық округте спорт жөніндегі нұсқаушы лауазымын енгізген жөн...

Еліміз бәсекеге қабілетті болу үшін білім және мәдениет саласын өркендетуге, жастарды қолдауға баса мән беруіміз керек. Бүкіл Қазақстан бойынша 800 жаңа мектеп салынады. Соның арқасында біз апатты және үш ауысыммен оқытатын мектептердің мәселесін толық шешеміз. Барлық мектеп интернетпен, компьютермен және пәндік кабинеттермен қамтамасыз етіледі. Ауыл мектептерінің дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Шағын қалалар мен аудан орталықтарында, ауылдық жерлерде орналасқан 5 мыңнан астам мектеп жаңғыртылуы керек. Педагог мамандарға сұранысты арттырып, білім сапасын жақсарту мақсатында олардың жалақысы 2 есе көбейеді...

Біз үшін жаңа бағыттар – IT саласы мен туризмге шын мәнінде басымдық беру керек. Осы екі сала бойынша 300 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады...

Nur Otan партиясы – ізгі ниетке негізделген нақты істер партиясы. Қазақстанның жарқын болашағы үшін зор жауапкершілік бізге жүктелген. Отанымыздың тағдыры партияның стратегиясын қолдайтын белсенді мүшелерінің, шынайы патриоттардың қолында».

Nur Otan партиясының алдағы 5 жылға арналған сайлауалды бағдарласымен танысып, еліміз алда талай биік белестерді бағындыратынына сендім. Ұстаздар қауымына қамқорлық жыл өткен сайын арта беретіні қуантады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дейді дана халқымыз. Ұстаздар қауымын Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, зор денсаулық, мол бақыт,

мәртебелі ұстаздық қызметінде шығармашылық табыс тілеймін. Nur Otan партиясы еліміздегі жетекші, көшбасшы партия екені белгілі. Беделі биік, бағдарламасы жасампаз осындай партиямыздың болуы әр қазақстандық үшін үлкен бақыт деп ойлаймын. Еліміздің Бас партиясы туралы мақаламды ақын Бекзат Рүстемнің «Көшбасшымыз - Nur Otan» деген өлеңімен аяқтауды жөн көрдім.

***Бәрімізде бір Отан,
Көшбасшымыз - Nur Otan.
Отан үшін жауапты,
Партияны ұнатам.***

***Әркез айқын жоспары,
Жақсы істің дастаны.
Елдің бағы Nur Otan -
Армандардың асқары.***

***Жолы жарқын, ізгі үні,
Бағалайық біз мұны.
«Nur Otанда» болуға,
Туіс елдің тізгіні.***

***Ел партия кемелі,
«Nur Otанға» сенеді.
Барша халық сенген соң,
Бәсекеде әркез жеңеді.***

***Бақытқа елді бөледі,
Жүрекке нұр себеді.
Әр азамат лайықты,
Өмір сүрсін дегені.***

***Дұрыс таңдау жасаңыз,
Солай алға басамыз.
«Nur Otанмен» өркендеп,
Асулардан асамыз.***

***Жаңғырады санамыз,
Жайнар Ұлы Даламыз.
«Nur Otанмен» көркейіп,
Мәңгілік Ел боламыз.***

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА БОЛАДЫ, БІЗДІҢ АУДАНДА ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА?



АМИРОВА Меруерт Нұрмаханқызы,
*Келес ауданы білім бөлімінің ағылшын тілі пәні әдіскері,
Түркістан облысы*

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 16-наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. Осыған байланысты еліміздегі барлық мектеп оқушылары 2019-2020 оқу жылының IV тоқсанында және 2020-2021 оқу жылында қашықтан білім алуға.

Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы маңызды кезең виртуалдық (синхрондық немесе асинхрондық) өзара іс-қимыл. Синхрондық өзара іс-қимыл оқушы мен мұғалім нақты уақыт режиміндегі қатынасты қарастырады. Бұл үшін қашықтықтан оқыту жүйесінің чаттары немесе бейне конференциялар қолданылуы мүмкін. Асинхрондық өзара іс-қимыл оқушы мен мұғалім нақты уақытта қарым-қатынаста болмаған жағдайда жүзеге асырылады, бұл жағдайда қашықтықтан оқытудағы байланыстар жіберу тізімдерінің немесе телеконференциялардың көмегімен электрондық пошта бойынша хат алмасу арқылы ұйымдас-тырылады.

Ауданымызда жаңа оқу жылына қашықтықтан оқыту үдерісіне дайындық жұмыстары қарқынды жүргізілген болатын. Келес аудандық білім бөлімі мен аудан мектептері арасында қашықтан оқыту үрдісін ұйымдастыруда әлі де үлкен жұмыс атқарылуда. Оқушылардың онлайн платформаларды қолдану деңгейін көтеру мақсатында бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде оқушылардың барлығы дерлік сабақтарға қатысуда, сабақтар уақытында басталып, алдын-ала жасалған, икемді

кестеге сай жүргізілуде. Қашықтан оқыту кезінде мектеп оқушыларына ата-аналар тарапынан қолдау көрсетіліп отыр. Жаңа дүниенің қиыншылықтары да жоқ емес. Дегенмен, ұстаздар мен оқушылар байқау сабақтарындағы тәжірибелері арқылы тез бейімделе алды.

Телесабақ форматын қолданған уақытта (аудио-сабақ): сабақ жоспары негізінде телесабақтарды міндетті түрде қарауды ұсыну; білім алушыларға телесабақтарды көргеннен кейін өз бетінше оқу/орындау үшін тапсырмалар беру, қолжетімді платформалар мен арналардағы цифрлық білім беру ресурстарына сілтемелер беру (техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда); электронды журналдар жүйесінде электрондық пошта, **WhatsApp**, өзге де мессенджерлер арқылы өздігінен орындауға тапсырма беріліп жатыр. Сонымен қатар, телеарналарда жүріп жатқан сабақтар олардың **Youtube** каналдарында, сайттарында қолжетімді. Айта кететін бір жайт, ауданымыздың ағылшын тілі пәні мұғалімдері видео сабақтарды түсіріп, оқушыларға ұсынуда.

«Жалпы, білім саласы үшін Келес ауданында Bilimland, «Күнделік» секілді оқыту платформаларын қолданады. Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін тандап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану - басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде болып табылады.

Қашықтан оқыту кезінде оқушылармен байланыс ең маңызды мәселе болып табылады. Тапсырманың анық-қанығын, оқу материалдарына толық қолжетімділіктің болуын үнемі бақылау қажет. Электрондық журналда (**Kundelik.kz**) топтық хабарламаларды қолдануды ұсынар едім. Сондай-ақ,

сіздер осы мақсатта оқушылар арасында танымал болған мессенджерді (**Whatsapp және т.б.**), тіпті элеуметтік желілердің ресурстарын пайдалансаңыз болады.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы. Қашықтан оқыту формасына көшкелі ауданымыздағы барлық жиналыстар, семинарлар, конференциялар, әдістемелік қолдау жұмыстары **Zoom, Microsoft teams, teamlink** сынды платформаларды қолдану арқылы жүзеге асырылуда.

Әсіресе, ағылшын тілі сабақтарының саны шектеулі болған жағдайларда, сынып пен үйде оқытуды біріктіріп, тіл үйрене бастаған оқушылар үшін өте ыңғайлы. Қазіргі таңда интернетте адамдардың жас ерекшелігіне және тілді меңгеру деңгейлеріне сәйкес көптеген оқу материалдары берілген. Лексика, грамматика, дұрыс айту және тыңдап түсіну сияқты дағдылардың барлығы бірдей маңызды.

Алайда оқытушы сабақ барысында белгілі кезеңдерінде оқушылардың қандай дағдыларын дамыту керектігін анықтайды. Қашықтықтан оқыту барысында БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын орындауда, қамтылуы керек төрт дағдының екеуі ғана (оқылым, жазылым) қолданылуда. Қалған екі дағдының қамтылуы қалай ұйымдастыруға болады? Осыған байланысты шет тілдерін оқытуда төмендегідей онлайн ресурстар мен платформаларын қолдануға болатынын айта кеткім келеді. Лексиканы байытуға арналған платформалар:

Hangman - ойын түрінде өткізілген сабақта сөздерді жаттау әлдеқайда қызық. Осы ойында екі адам қатысып, алдын ала сөздердің қай тақырыпта болатыны таңдалады. Мысалы кино, машиналардың түрлері, жиһаздар және т.б.

Idiom Site - сөздік қорды байытатын ағылшын тіліндегі идиомалар мен тұрақты сөз тіркестерін үйретуге арналған ресурс.

Memrise - бұл да флеш-карточкалармен жабдықталған сөздік қорды байытуға арналған пайдалы сайт. Ассоциативті әдіс жаңа сөздердің адамның жадында ұзақ сақталуына мүмкіндік береді.

Daily Page - күнделікті сабақта қолдануға болады. Ресурс қысқаша эссе жазу үшін күнде жаңа тақырыппен қамтамасыз етеді.

Urban Dictionary - сленгтерді үйренуге арналған өте ауқымды ресурс. Алайда бұл ресурспен жұмыс жасау барысында студенттерге үйретуге арналған сөздерді алдын ала таңдап алу қажет.

Грамматиканы жақсы меңгеруге арналған сайттар:

British Council - Грамматика ережелері мен практикаға арналған материалдармен жабдықталған. Осы платформада тіл үйренушілердің деңгейлері мен категорияларына сәйкес материалдар іріктелген.

Engvid - бір топ оқытушылар видеосабақтар арқылы ережелерді еркін түрде түсіндіреді. Осындағы контент тақырыптарға бөлініп, бұларға қосымша бекітуге арналған жаттығулар берілген.

English Grammar - ағылшын тілінің грамматикасын үйретуге арналған атақты ресурс. Ыңғайлы меню керекті контентті компьютерге немесе басқа да тасымалдағыштарға жүктеуге мүмкіндік береді.

Ego4u - оқытушылар мен студенттерге пайдалы ресурс болып табылады. Осындағы ереже көркем шығармадан алынған үзіндімен бірге келтіріледі.

Тыңдалымды дамытуға арналған платформалар:

Deep English - ағылшын тілін ана тілі деп білетін адамдардың сөйлегенін таңдап, машықтануға арналған сайт. Аудио материалдар үш түрлі жылдамдықпен беріледі және оған қоса мәтіндер де беріледі. Аудио материалды тыңдап болған соң тест беріледі.

Tune in - әр түрлі тақырыптағы аудиоконтенті бар сайт. Түрлі тақырыптағы подкасттарды тыңдап, ағылшын тілінің түрлі нұсқаларын үйренуге арналған сайт.

Memlang - ағылшын тілінен емтихандарға дайындалатын адамдарға арналған YouTube канал.

LibriVox - бұл сайтта аудио кітаптардың үлкен жиынтығы шоғырланған. Бұл аудиоматериалдарды жүктеп жұмысқа немесе оқуға барар жолда тыңдауға болады. Барлық дағдыларды бірге кешенді оқытуға арналған сайттар.

Learn English - әр түрлі деңгейлерге арналған грамматикалық тесттер, жаттығулар және ойындар.

English Rooms - әр түрлі деңгейдегі студенттерге арналаған сайт. Сайттағы ақпарат үшке бөлінген: тыңдалым, оқылым және грамматика.

Мұғалім тіл үйренуге көмектесетін жаңа құралдар мен ресурстарды пайдалануды шектемеуі керек керісінше тиімді платформалар мен ресурстарды қолдануға бағыттап отыруы керек.

Қорытындылай келгенде, қашықтықтан оқытудағы оқу қызметінің басты элементі – өз бетімен жұмыс істей білу және мұғалім бағыт-бағдар беруші болып табылады.

Қиын кезеңге қарамастан, көптеген мұғалімдер жағдайға бейімделіп, өз міндетін лайықты атқаруды жалғастыруда. Еліміз мұндай кәсіби деңгейдегі мамандарымен мақтана алады. Білім беру ісінде аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздарымызға алғысымды білдіргім келеді.

Бірлесе жұмыс атқаруымыздың арқасында осы кезеңді абыроймен еңсере аламыз деп сенемін.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫ БІЛІМ РЕСУРСТАРЫН САБАҚТА ТИІМДІ ПАЙДАЛАҢУ, БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ



ПУЛАТОВА Гулбазар Тилеуовна,
К.Тленшин атындағы жалпы орта мектеп директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары атқаратын жұмыстардың жылдық жоспары:

МАҚСАТЫ:

-Интернет платформалары арқылы білім алушыға қолжетімді сандық білім беру ресурсын ұсынады;
-Қашықтықтан оқыту арқылы мұғалім мен оқушы ақпарат алмасады;
-Синхронды/асинхронды форматта қазіргі заман мүмкіндіктерін пайдалана отырып білім береді, нәтижеге қол жеткізеді.

МІНДЕТТЕРІ:

-Қашықтықтан білім беру технологиялары, қашықтықтан

оқыту сабақтарын «online» режимде өткізу;
-Барлық типтегі сабақтарды өткізудің жоғары әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету;
-Жас мамандардың кәсіби тұлғасын қалыптастыру;
-ӘБ мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін көтеру;
-Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер іс-тәжірибиесінің тиімді тұстарын айқындау, жинақтау, тарату.
КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:
-Оқушылардың білім сапасын көтеру;
-Мұғалімдердің көшбасшылық қабілеттерін арттыру;
-Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің мәртебесін көтеру.

№	ІС-ШАРАЛАР	ӨТКІЗУ ТҮРІ	ЖАУАПТЫ	ІСКЕ АСЫРУ
ТАМЫЗ				
1	Мұғалімдерді аудандық тамыз конференциясына қатыстыру және оқу-әдістемелік іс-шаралар ұйымдастыру. (онлайн режимде)		Г.Пулатова ӘБЖ	
2	Пән мұғалімдерінің күнтізбелік, тақырыптық оқу жоспарларын, таңдау және қолданбалы курстардың авторлық бағдарламаларын, тереңдетіліп оқытылатын пәндердің оқу бағдарламаларын тексеру, талқылау, бекітуге ұсыну.		Г.Пулатова ӘБЖ	Бұйрық
3	Әдістемелік бірлестіктің отырыстары.	ӘБ отырысы	Пән бірлестік жетекшілері	Хаттама
ҚЫРКҮЙЕК				
1	1.Бірлестік құрамын бекіту. 2.Бірлестіктің жылдық жұмысын жоспарын бекіту. 3.2020-2021 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің тақырыбын, мақсат-міндеттерін айқындау, атқарылатын жұмыстардың жоспарын түзу, талқылау, бекітуге ұсыну. (қашықтықтан)	ӘК	Г.Пулатова ӘБЖ	Бұйрық
2	1.2020-2021 оқу жылында жас мамандарға тәлімгер ұстаз тағайындау. 2.Бірлестік мұғалімдерінің сандық-сапалық құрамы.	Отырыс (онлайн)	Г.Пулатова ӘБЖ	Бұйрық Мәлімет
3	1.2020-2021 оқу жылында қашықтықтан оқыту жағдайында мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұтымды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстармен таныстыру. 2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жыл 13 тамыздағы №345 бұйрыққа 1 қосымша. Оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.	ӘК	Г.Пулатова	Хаттама

4	ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылы 13 тамыздағы №345 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 03.09.2020ж №381 бұйрығын, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.	ӘК	Г.Пулатова	
5	1.Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктері. 11-сынып 2.11-сыныпқа жаңа пәндердің енгізілуі. 3.Қашықтықтан білім алу жағдайындағы бағалау жүйесі туралы.	ӘК	ДОІЖО ДБОЖО	Мәлімет
6	Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестігі «Тілдер мерекесін» онлайн режимінде өткізу, әлеуметтік желіде жариялау челлендж ұйымдастыру.	ӘК	ӘБЖ	Жоспар, альбом
7	Химия-биология, өзін-өзі тану бірлестігінің онкүндігі онлайн режимде. «OnlineMekter» платформасын қолдануы. Химия-биология пәні бойынша зертханалық бақылау жұмыстарының берілу сапасы.	ӘК	ӘБЖ	Жоспар, альбом
8	«Ұстаздар мерекесі». Мектеп мұғалімдерін марапаттауға ұсыну.	Апталық әкімшілік кеңес	Г.Пулатова	Ұсыныс
ҚАЗАН				
1	1.Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарын құру, бекіту.	ӘК	ӘБЖ	Жоспар Мәлімет
	2.Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту.			
2	Математика, физика-информатика бірлестігінің онкүндігі онлайн режимде, «OnlineMekter» платформасын қолдануы. Физика пәні бойынша зертханалық бақылау жұмыстарының берілу сапасы.	ӘК	ӘБЖ	Жоспар Хаттама
3	Білім беру үрдісіндегі негізгі проблемалар мазмұны мен әдіс-тәсілдері, оқу-тәрбие үрдісі тиімділігі, сапасын көтеру мәселесін қарау.	Әкімшілік кеңес	Мектеп әкімшілігі	
4	«Білікті мұғалім» онлайн байқауы.	Мектепшілік байқау	Г.Пулатова ӘБЖ	Диплом
5	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында шығармашыл, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда технология сабақтарында кәсіби бағдар берудің рөлі.	Шебер сынып	ӘБЖ	Әдістемелік жинақ
6	Мұғалімдер мен оқушыларды мектепшілік, аймақтық және аудандық олимпиадасына дайындау.	ӘК	ӘБЖ	Мәлімет
ҚАРАША				
1	Мектепшілік пән олимпиада жұмысын ұйымдастыру, өткізу.	ӘК	ДОІЖО	Хаттама
2	2,3-сыныптағы қазақ тілі мен математика пәндерінің оқытылу барысы.	ДЖК	Г.Пулатова	Мәлімет
3	Орыс тілі бірлестігі онкүндігі онлайн режимінде, «Bilimland Online Mekter» платформасын қолдануы.	ӘК	ӘБЖ	Жоспар Хаттама
4	Білім берудің басым бағыттарын іске асырудағы қосымша білім беру жүйесінің міндеттері, жасалынған жағдайлар, тиімді нәтижелер.	ДЖК	ҚББП	Мәлімет
5	TIMSS, PISA, PIRLS дайындық жұмыстары.	ДЖК	ӘБЖ	Мәлімет
6	Бейіндік сыныптарда пәндерді мақсатты оқытудың мәні мен жауапкершілігі.	ӘК	ДБОЖО	Мәлімет
7	Аудандық білім бөлімінен келген хаттармен жұмыс жүргізу.		Г.Пулатова	
ЖЕЛТОҚСАН				
1	Ағылшын бірлестігінің онкүндігін өткізу онлайн режимінде, «Bilimland Online Mekter» платформасын қолдануы.	ӘК	ӘБЖ	Жоспар Хаттама
2	Мұғалімдердің аттестаттаудан және қайта аттестаттаудан өткізу құжаттарын дайындау, сараптау, талдау жұмыстары.	ӘК	Комиссия мүшелері	Мәлімет
3	Шығармашылық топ жұмыстары.	ӘК	Топ жетекшісі	Мәлімет
4	Аймақтық пән олимпиада жеңімпаздарын аудандық пән олимпиадасына дайындау барысы.		ӘБЖ	
5	I жартыжылдықта атқарылған жұмыстар.	ӘК		Мәлімет
ҚАҢТАР				

1	Қазіргі заманда білім жүйесінің заман талабына, уақыттың сұранысына қарай қарыштап дамуы (Робототехника пәні).	Шебер сынып	ӘБЖ	Әдістемелік жинақ
2	Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды бақылау.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі	Мәлімет
3	Жеке үйде оқытылатын оқушылардың үйіне барып, әлеуметтік жағдайын анықтау және сабақ кестесіне қарай сабақтарын жүргізілуін қадағалау.	Әкімшілік кеңес	Г.Пулатова	Мәлімет
4	Тарих-география онкүндігі Сабақта ЦБР (цифрлы білім ресурстары) пайдалануы.	ӘК	Г.Пулатова ӘБЖ	Жоспар Хаттама
5	«Қысқа мерзімді жоспардың талапқа сай болуы - сапалы білім негізі».	Коучинг	Г.Пулатова ӘБЖ	Әдістемелік жинақ
6	Әдістемелік бірлестіктің отырыстары.	ӘБ отырысы	Пән бірлестік жетекшілері	Хаттама
АҚПАН				
1	Бастауыш сыныптар бірлестігінің онкүндігі Сабақта ЦБР (цифрлы білім ресурстар) пайдалануы.	ӘК	Г.Пулатова ӘБЖ	Жоспар Хаттама
2	«Жыл оқушысы-2021» байқауын ұйымдастыру.	Мектепшілік	Педагог ұйымд	Анықтама
3	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәні бойынша жазба жұмыстарының түрлері. Жазба жұмыстарының критерийлері мен дескрипторлары.	ӘК	Г.Пулатова ӘБЖ	Мәлімет
4	«Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер үшін тұрақты семинар.	Семинар		Жоспар Ұсыныс
5	Бірлестіктегі мұғалімдердің озық іс-тәжірибесін тарату нәтижесін талдау.	ӘК	ДИЖО	Мәлімет
6	Өзін-өзі тану пәні бірлестігінің онкүндігі.	ӘК	Пән мұғалімдері	Жоспар Хаттама
НАУРЫЗ				
1	«Жыл мұғалімі -2021» байқауын өткізу.	ӘК	Педагог ұйымдас.	Мәлімет
2	Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің онкүндігі.	ӘК	ӘБЖ	Жоспар Хаттама
3	7-сыныптар бойынша қазақ тілі мен математика пәндерінің оқытылу барысы.	Пед кеңес	Г.Пулатова	Мәлімет
4	«Менің кәсіби өсуімдегі тәлімгердің көмегі» жас маман мен тәлімгерлердің бірігіп сабақ беруі .	ӘК	Г.Пулатова ДИЖО	Мәлімет
5	Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің есебін тыңдау.	ДЖК	Пән мұғалімі	Баяндама
СӘУІР				
1	Әдістемелік бірлестіктің отырыстары.	ӘБ отырысы	Пән бірлестік жетекшілері	Хаттама
2	Технология бірлестігінің онкүндігі.	ӘК	ӘБЖ	Хаттама
3	Дарынды балалармен жүргізілген жұмыс. (Бірлестік жет. есебі)	ӘК	ӘБЖ	Мәлімет
4	9, 11-сынып оқушыларының кәсіптік бағдарын анықтау жұмыстары.	ӘК	ДБОЖО	Анықтама
5	«Мектеп басшысының жаңашыл рөлі - көшбасшылықты дамыту».	Коучинг	Мектеп директоры	Ұсыныс
6	«Педагогикалық оқулар».	Мектепшілік	Г.Пулатова ӘБЖ	Баяндама
МАМЫР				
1	Дене тәрбиесі бірлестігінің онкүндігі.	ӘК	ӘБЖ	Жоспар Хаттама
2	Тәлімгер ұстаздың жылдық жұмысы.	ӘК	Жауапты тәлімгерлер	Жылдық есеп
3	Бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарының орындалу барысын талқылау.	ӘК	ӘБЖ	Жылдық есеп
4	«Ең үздік әдістемелік бірлестік».	Байқау	Г.Пулатова	Диплом БАҚ
5	Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы.		Г.Пулатова	

МЕКТЕПТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІНІҢ отырыстары

1-отырыс: Қашықтықтан білім беру мүмкіндіктері. Оқушылардың білім негізін қалау.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Мектептің әдістемелік тақырыбын таңдау және бекіту. 2020-2021 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің құрамын бекіту және әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, пән онкүндіктері, мектепшілік олимпиадалары, ғылыми жоба қатысушылары кестесін бекіту.	Қыркүйек	Мектеп директоры Орынбасарлар ӘБЖ
2	Әдістемелік нұсқау хатпен танысу, талдау.		
3	Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктері. 11-сыныпқа жаңа пәндердің енгізілуі. Қашықтықтан білім алу жағдайындағы бағалау жүйесі.		
4	Аттестаттау комиссиясының іс-шаралар жоспарын, аттестаттаудан өтетін мұғалімдер кестесін бекіту.		

2-отырыс. Жаратылыстану-математикалық циклдің білім беру сапасын бағалау және мазмұнын жетілдіру бойынша қызметін талдау.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Мектепшілік пәндік олимпиадалардың материалдарын дайындау, сараптау, өткізу. 8-11 сыныптар бойынша мектепшілік олимпиадасының қорытындысы.	Қараша	ДОЖО ДИЖО Химия-биология пән бірлестік жетекшісі. Математика, физика-информатика пән бірлестік жетекшілері
2	Химия-биология бірлестігінің онкүндігінің қорытындысы. Химия-биология пәні бойынша зертханалық бақылау жұмыстарының берілу сапасы.		
3	Математика, физика-информатика бірлестігінің онкүндігінің қорытындысы. Физика пәні бойынша зертханалық бақылау жұмыстарының берілу сапасы.		
4	Шығармашылық топ жұмыстары.		Топ жетекшілері

3-отырыс: "Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы зияткерлік деңгейін арттыру"

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Аудандық пән олимпиадасының қорытындысы: жетістіктер мен кемшіліктер.	Қаңтар	ДОЖО ДИЖО
2	Орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі бірлестіктерінің онкүндік қорытындысы.		Орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі бірлестік жетекшілері
3	Бейіндік сыныптарда пәндерді мақсатты оқытудың мәні мен жауапкершілігі.		ДБОЖО ДОЖО
4	I жарт.жылдық қорытындысы бойынша пәндер көрсеткіші.		

4-отырыс. "Оқу үрдісінде заманауи білім беру технологияларын қолдану"

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	«Үздік авторлық бағдарлама», ғылыми жоба байқауларының қорытындысы.	Наурыз	ДИЖО Тарих-география, бастауыш сынып бірлестік жетекшілері
2	Тарих-география және бастауыш сынып бірлестіктері, өзін-өзі тану онкүндігінің қорытындысы.		ДӘІЖО
3	Пән кабинеттерінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, талапқа сай жабдықталуы.		ӘБЖ
4	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәні бойынша жазба жұмыстарының түрлері. Жазба жұмыстарының критерийлері мен дескрипторлары.		ӘБЖ

5-отырыс: II жартыжылдық бойынша мұғалімдердің біліктілігі мен оқушылардың білімдерін негіздеу, жинақтау.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	II жартыжылдық қорытындысы бойынша пәндер көрсеткіші.	Мамыр	ДОЖО
2	Қазақ тілі мен әдебиеті, технология, дене шынықтыру пән бірлестіктерінің онкүндік қорытындысы.		ӘБЖ
3	«Үздік әдістемелік бірлестік» байқауы. Пән әдістемелік бірлестіктерінің, шығармашылық топтардың, мұғалімдердің жыл ішінде атқарған жұмыстары, байқауларға қатысу көрсеткіші.		ДӘІЖО
4	Тамыз кеңесіне баяндама даярлау.		



МЕКТЕП - БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

**ЖАРАСОВА Құлжан Спандиярқызы,
№131 жалпы орта білім беретін мектеп директоры.
Шымкент қаласы**

Жас ұрпақтың болашағы мен тағлымды тәрбиесі қай заманда да ерекше маңызға ие екені белгілі. Елдің болашағы білімді жастардың қолында екені даусыз. Ал енді білім мен тәрбие егіз ұғым екенін ескерсек, мектеп талай жастың талантын шындап, дара да дана тұлғалардың түлеп ұшар тұғырлы мекені дер едім. Өйткені, мектеп - білімнің қайнар бұлағы.

Қазіргі кезде елімізде мұғалімдердің еңбегі жоғары бағаланып, жалақылары жыл өткен сайын артып келе жатқаны қуантады. Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алып жатқан шәкірттеріміз болашақта салт-дәстүрді сақтаған, ел үмітін ақтаған білікті маман болады, Қазақ Елін биік белестерге бастайтын азамат болады деп сенемін.

Мен басқарып отырған Шымкент қаласындағы №131 жалпы орта білім беретін мектеп 2018 жылы ел игілігі үшін пайдалануға берілді. Менің директорлық тәжірибем де осы жаңа білім ордасынан бастау алды. Мектеп ұжымының мәртебесін көтеріп, білім ордасының даңқын шығаратын негізгі тұлға - ол әрине басшы. Себебі, бала жүрегіне білім дәнін себегін мұғалім болса, мектеп басшысы сол мұғалімнің ұстазы бола білуге міндетті. Ұстаздық өте қиын әрі қарапайым мамандық.

Биылғы оқу жылында мектепте 128 педагог жұмыс жасап, 1582 шәкіртке заман талабына сай білім мен тәрбие беріп келеді. Алғашқы оқу жылдарын артқа тастаған мектебіміздің ойы озық, шығармашылығы шырқау, ізденісі ілгері ұстаздары білім бәсекелерінде бақтарын сынап, биік жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Мектебіміздің білікті ұстаздары мен білімді оқушылары көптеген байқаулар мен сайыстарға, олимпиадалар мен конференцияларға қатысып, мектеп абыройын асқақтатты. Қазіргі таңда, бастауыш сынып мұғалімі А.Тағибаева және орыс тілі пәнінің мұғалімі С.Байтукова «Ұстаз жолы» қоғамдық қорының «Елеулі еңбегі үшін», «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері атанды. Сонымен қатар, 95 мұғалім республикалық деңгейдегі, 104 мұғалім қалалық, 75 мұғалім мектепшілік, 120 мұғалім қашықтан оқыту бойынша түрлі олимпиадалар мен байқауларға қатысып, түрлі марапаттауларға ие болды. Педагогтардың біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған I Республикалық «Кемеңгер ұстаз» олимпиадасына 57 мұғалім қатысып, 7 ұстазымыз I орынға ие болды.

Жас жеткіншектерімізге сөйлеу мәдениетін үйретіп, элеуметтік желіні тиімді пайдалану, командамен бірлесіп жұмыс жасау әдістерін игертіп, танымдық, креативтік сана қалыптастыра отырып, баланың жүрегіне жол табуға, ортақ тіл табысуға бағытталған жағымды орта қалыптасқан. Осы ортада «Дарын зияткерлік сайысы» ұйымдастырылып, «Мектеп президенті» сайланып, оқушылардың бәсекеге сай қабілеттерін шыңдап отырамыз. Сондай-ақ, жетістігімен елеулі орын алып отырған 10 оқушымыз «Дарын Республикалық» байқауына қатысып, 7-сынып оқушысы Болат Нұрбол I орынды иеленсе, қалалық аймақтық пән олимпиадасына қатысып, математика пәнінен 8-сынып оқушысы Халық Азамат III орын, орыс тілі пәнінен 8-сынып оқушысы Игенбай Гүлім III орын, ағылшын тілі пәнінен 9-сынып оқушысы Абдумажит Нұрай III орын иегерлері атанды. Республикалық пән олимпиадасына жолдама алған 11-сынып оқушысы Маханов Азат орыс тілі пәнінен III орынды, 11-сынып оқушысы Алпамыс Жанель ағылшын тілі пәнінен II орынды иеленді.

Сонымен қатар, биылғы оқу жылында білім беру ұяларында оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін қашықтан оқыту форматында оқыту бағдарламасы қолға алынғаны бәрімізге аян. Иә, бұл ахуал ұстаздарға да, оқушыларға да, ата-аналарға да қиындық тудырғаны рас. Бірақ, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей ата-аналардың түсіністік танытуына сүйеніп, сапалы білімдерін жаһандық желі арқылы жүргізуге кірісіп, бірлігі мен тірлігі жарасқан мектеп ұжымы өздеріне артылған сенімді ақтап, қашықтан оқытудың бар кедергілерін жеңе білді.

Алдағы оқу жылында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектебімізге «кадет сыныбын» ашып, арнайы маман шақыртып, бокстан спорт үйірмесін қосуды жоспарладық. Білімді, жан-жақты, ойын дәйекті жеткізіп, жаңа идеяға құмар жас ұрпақтың «ғылыми жоба» жұмыстарына қолдау көрсету мақсатында мамандандырылған жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасауды қолға алып отырмыз.

Ұстаз еңбегін бағалай білейік, әрдайым құрметтеп жүрейік. Алдағы уақытта барлық ұстаздар қауымының жүрек қалауымен атқарып жүрген істеріне үлкен жетістіктер тілеймін. Әрдайым адалдықтан танбай, заман ағымынан қалмай еңбек ете береміз. Мектебіміздің мерейі үстем, мәртебесі биік болатынына сенеміз.

ҒЫЛЫМ ТАБУ - ӨМІРДІ ТАНУДЫҢ, ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ



*САТЫБАЛДИЕВ Азамат Смаилович,
«Жусансай» жалпы орта мектебінің физика,
математика, информатика пәндерінің мұғалімі.
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы*

Мен «Жусансай» жалпы орта мектебінде 2006 жылдан бері физика, математика, информатика пәндерінің мұғалімі болып қызмет атқарып келемін.

Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбегейлі өзгерістер болып, жаңа білім беру жүйесіне бет бұрдық. Көптеген қиыншылықтарды еңсердік. Дегенмен әлемді шарпыған пандемия біздің елдің де білім саласына үлкен жауапкершілікті жүктеді. Педагогтар ұстаздық қызметімен қоса, ел жағдайына алаңдайтын, қоғамдағы түйткілдерге бейқам қарамай, үн қосып отыратын, шешілуіне ересен еңбегімен үлес қосатын жандар десем артық айтқандық емес. Оқушыларды қашықтан оқыту форматына көшкенде де ұстаздарымыз қиындықты тез еңсеріп, барлық кедергіні еңбекпен жеңуге болатынын дәлелдеді. Шәкіртінен алыс отырса да педагог оқушыларына бағыт-бағдар нұсқап, тәрбиенің мәйегін сіңіріп, білім-ғылымға ұмтылғандарды алға сүйреп, өзімен бірге алып жүреді.

Мен де ұстаздық қызметімде шәкірттерімді шыңдап, қанатын қатайту жолында үнемі ізденіс үстінде еңбек етіп келемін. 2006 жылдан бері жетекшілік еткен оқушыларым көптеген жетістіктерге қол жеткізіп, биіктен көрінуде. Атап айтар болсам, 2014 жылы аудандық пән олимпиадасында математика пәнінен шәкіртім Тоғайбек Бегайым жүлделі II орын, 2015 жылы аудандық пән олимпиадасында математика пәнінен шәкіртім Тұрар Жанерке жүлделі II орын иеленді. Ұстаз әрдайым заман талабына сай болып, білімді де білікті маман болуы керек. Мен «Халықтық педагогика элементтерін физика, математика сабақтарында пайдалану әдістері» тақырыбында шығармашылық жұмыспен айналыстым. Осы тақырыпқа байланысты «Математика сабағында халықтық педагогика және ұлттық ойындарды пайдаланудың әдістемесі» атты ғылыми жұмыспен оқушым Смаилов Сағындық Азаматұлын дайындап келемін. Оқушымның жетістіктері мені әрдайым қуанышқа бөлеп келеді. 2020 жылы оқушым Смаилов Сағындық Азаматұлы Республикалық «Білім шыңы-Ғылым сыры» журналының Диплом және «XXI ғасырдың Жас ғалымы» медалімен марапатталды. 2019 - 2020 оқу жылында «Самұрық» республикалық математикалық зияткерлік сайысында Смаилов Сағындық Азаматұлы 2 орын иеленді. 2020-2021 оқу жылында Республикалық «Білім шыңы» орталығының «XXI ғасыр жас ғалымы» жобасына ұсынған еңбегіміз жоғары бағаланып, мен «Оқу мен тәрбие ісінің үздік ұстазы» төсбелгісімен, дипломдарымен марапатталдым. Қазақ Елінің дарынды жастарын отансүйгіштік рухта тәрбиелеп, білім шыңына ұмтылуы үшін үлкен үлес қосып жүрген «Білім шыңы-Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымына алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта еліміздің гүлденіп өркендеуі үшін, білім саласында аянбай еңбек етіп, еліміздің болашақ ғалымдарын даярлауға атсалысамын. «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба» деген дана Абайдың өсиетін жас ұрпағымыз терең түсініп өсуі тиіс. Ғылым табу-өмірді танудың, жасампаздық пен дамудың негізі. Сондықтан да Қазақ Елі бәсекеге қабілетті мемлекет болып, Мәңгілік Елге айналуы үшін жас ұрпаққа сапалы білім жақсы тәрбие беруге тиіспіз.



Мектеп - білімнің нұрлы ордасы



**МАМШЕТОВ Ахмет Досалұлы,
Хамза атындағы №53 жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры.
Шымкент қаласы**

Әр мемлекеттің ең басты байлығы, адамзат баласының қол жеткізген ұлы игілігі білім екені белгілі. Білімнің кілті мектепте. Мектеп-білімнің нұрлы ордасы. Сапалы білім берудің негізінде ой-өрісі еркін дамыған тұлғаны қалыптастыруда тынымсыз ізденісте жүретін Хамза атындағы №53 жалпы орта білім беретін мектебінің ұстаздар қауымы жас ұрпақты отан-сүйгіштік рухта тәрбиелеп, сапалы білім, жақсы тәрбие беріп келеді. Мектебімізде 40 жылға жуық ұстаздық тәжірибесі бар Мамшетов Ахмет Досалұлы 2014 жылдан бері мектеп директоры қызметін атқарып келеді. Мектеп тек білім беру ұйымы ғана емес, сонымен қатар мәдени және қоғамдық орта болып табылады. Білікті басшымыз оқушылардың бойында тәрбие кеңістігінде өмірге деген құнды көзқарас қалыптастыру мектептен бастау алатынын ұстаздар қауымына әрдайым түсіндіріп отырады.

«Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға/қазақ жанына/үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ сертгесуге болады» деп ұлы педагог М.Жұмабаев айтқандай, біздің болашағымызды

мектеп айқындайды. Сондықтан, жаңа ғасырдың ұрпағын тәрбиелеуде ұстаздарға жүктелер міндет те, талап та жоғары. Қазіргі заман талабының биігінен көрініп, оқушыларға сапалы білім беріп жүрген ұстаздарымыздың арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей оқушыларымыз да ел сенімін ақтап түрлі білім байқауларында жеңіс тұғырынан көрініп жүргенін зор мақтанышпен атап өткім келеді. Кіші Ғылым Академиясының байқауында 6 сынып оқушысы Мирзахметова Зилола 3-орынды иеленді. «ПОНИ әлемді ашады» атты білім сайысында 2 сынып оқушысы Мырзақаримов Жафар, 2 сынып оқушысы Хамзебекова Сабина, 2 сынып оқушысы Маманова Роза, 4 сынып оқушысы Даврамбеков Данияр, 4 сынып оқушысы Раушанова Жасмина, 4 сынып оқушысы Юсупханова Зиннұра, 4 сынып оқушысы Ахмеджанова Сарвиноз, 4 сынып оқушысы Өскен Аяулым, 3 сынып оқушысы Аманжол Асель, 3 сынып оқушысы Турдалиев Шахрух, 3 сынып оқушысы Турдалиев Ахрор, 3 сынып оқушысы Зулқайнар Арман, 3 сынып оқушысы Ерманова Гаухар жүлдегер болды. «ALTYN QYRAN-ерекше дарын иесі» зияткерлік олимпиадасынан 8 сынып оқушысы Базаров Имран, 9 сынып оқушысы Хуснидинова Мафтуна, 5 сынып оқушысы Мусаев Элхан 1 орынды



иеленді. 11 сынып оқушысы Байметова Мадина «Алтын ұрпақ» зияткерлік олимпиадасынан 1-орын алып, Медаль иегері атанды. Тоқсанбаева Айжан «Ақ желкен» лингвистикалық зияткерлік олимпиадасында 1-орын алып, Медаль иегері атанды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді дана халқымыз. "Жақсы адам ғана жақсы басшы бола алады" демекші, білікті басшы, шығармашыл тұлға Мамшетов Ахмет Досалыұлы біздің мақтанышымызға айнала білді. Ол білім сапасының артуына өз үлесін қосып, талай жыл талмай еңбек етіп, әлі де биік белесті бағындыра беретініне сеніміміз мол. Мектебімізде қазақ, өзбек, әзірбайжан сияқты түрлі ұлт өкілдерінің балалары білім алуда. Мектептегі түрлі ұлт өкілдерінің достық қарым-қатынасын қалыптастыру, олардың салт-дәстүрлерін сақтай отырып, түрлі тәрбиелік іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету маңызды міндет болып саналады. Мектеп басшысы білімді, жаңашыл, ізденімпаз, шығармашыл орынбасарлары мен ұстаздарына «Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер» екенін айтып отырады. Сонымен қатар, мектебімізде қазақ, өзбек ұлтының мұғалімдері бүгінгі күннің жаңалығын жақсы меңгеріп, ізденісте болып, заман талабына сай білім беріп келеді. Осындай мұғалімдердің жанашыры, қызметкерлердің мұң-мұқтаждарын жедел шешуге атсалысатын кәсіподақ ұйымы бар. Кәсіподақ ұйымының төрағасы Суяркулов Давлат өз міндетін жақсы білетін азамат. Ұжыммен жақсы тіл табыса алады. Кәсіподақ ұйымының міндеті ұжымның еңбек құқықтарын қорғау екенін терең түсінеді. Кәсіподақ ұйымының төрағасы мемлекет тарапынан мұғалімдерге көрсетіліп жатқан түрлі деңгейдегі жеңілдіктер мен көмектерге тиісті қызметкерлердің қол жеткізуіне көмек береді. Сонымен қатар, жаз мезгілдерінде кезекті еңбек демалысына шыққан сала қызмет-

керлерінің шипажайларда демалуын ұйымдастырып, жағдай жасайды. Ұстаздарымыздың мерейлі тойларында арнайы сыйлық жасап, марапаттап, құрмет көрсетіп отырады. Атаулы мерекелерде мектеп қызметкерлерін сыйлықсыз қалдырмайды. Тиісті қызметкерлерге қайырымдылық көмек көрсетіп келеді. Ардагер ұстаздарымызға құрмет көрсетіп, ұрпақ тәрбиелеп отырған ұстаздардың шығармашылық жетістіктеріне қолдау жасау кәсіподақ ұйымының басты мақсаты болып табылады. Барлық ісін ұжыммен келісе, ақылдаса отырып жасайтын Суяркулов Даулетті ұжым өте беделді, ізденімпаз азамат ретінде таниды. Хамза атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің осындай керемет жетістіктерінен басқа, жағымды жаңалықтарымызды да айтқым келеді. 80 жылдық тарихы бар мектебіміз 2021 жылдан бастап Ұлы Отан соғысының ардагері, Кеңес Одағының Батыры, даңқты жерлесіміз, әскери қайраткер, генерал-майор Сабыр Рахимовтың есімін алатын болды. Осындай батыр есімін арқалап жүру үлкен жауапкершілік екенін түсіне отырып, мектеп ұжымы еліміз мақтан тұтатын білім ордасы болады деген сеніммен жұмыс жасай береміз.



ХАЙИТМЕТОВА Гүльмира Сатимбековна,
Хамза атындағы №53 жалпы орта білім беретін мектеп
директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары.
Шымкент қаласы



**Түркістан қаласы №1 А.Байтұрсынов атындағы мектеп–лицейінің
ұлағатты ұстаздары журналымыздың “Құрмет тақтасы” айдарында**

ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫ



**АДИЛБЕКОВА Райхан Сериковна,
оқу ісі жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

АДИЛБЕКОВА Райхан Сериковна 1976 жылы қаңтар айының 8 жұлдызында дүниеге келді. Мектепті 1993 жылы бітіріп, осы жылы Алматы қаласындағы Қазақ қыздар педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, 1997 жылы бітірді. 2002 жылы Түркістан қаласындағы Ж.Еділбаев атындағы мектеп-гимназиясына қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып жұмысқа қабылданып, қазіргі таңда А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

болып жұмыс атқарады.

Райхан Сериковна білім саласының дамуына ерекше үлес қосып жүрген білікті де тәжірибелі маман иесі. Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. Бүгіннен немесе кешеден ғана ұлы мамандық иелеріне құрмет көрсетіліп келе жатқан жоқ, ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік тұр. «Тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді» (әл-Фараби) жандарға ілтипат таныту – адамгершілігінің ілгері басуының бір қадамы. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету. Райхан Сериковна өз ортасында да, қоғамда да беделді қызметкер. Еткен еңбектері көпке үлгі. Райхан Сериковнаның жетістіктері жоғары бағаланып, марапаттарға ие болған.

2008 жылы облыстық білім департаментінің мадақтамасы табысталды. 2008 жылы «Эксперимент алаңындағы жұмыстар: проблемалары мен мүмкіндіктері» тақырыбында өтілген қалалық семинарда өзінің іс-тәжірибесін жоғары деңгейде көрсете білгені үшін, 2011 жылы жастарға тәлім-тәрбие берумен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін «Нұр Отан» ХДП Грамотасымен марапатталды. 2011 жылы жұмыс нәтижесі бағаланып, «Жадымда тұрар мәңгілік» кітабына енді. 2012 жылы «Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың әдістері мен түрлерін жетілдіру» тақырыбындағы қалалық семинарды жоғары деңгейде ұйымдастыра білгені үшін қалалық білім бөлімінің мақтау қағазымен марапатталды. Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институтта өз білімін көтерді. 2013 жылы Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары аясында бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасы бойынша оқыту курсы аяқтады. 2015 жылы «Әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу жағдайында білім беру жүйесін жаңғыртудың өзекті мәселелері» тақырыбында облыстық ғылыми-практикалық конференцияда белсенді қатысқаны үшін сертификат берілді. 2015 жылы «ZIAT» ҒӨО «Білім берудің инновациялық әдістері мен технологиялары» II Республикалық оқытушылар сайысының нәтижесі бойынша III орынға ие болды. 2016 жылы Қ.А.Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университетінде «М.Балақаев оқулары-3; Білім, ғылым және өндірісті интеграциялау» тақырыбында өтілген ғылыми-практикалық конференцияға белсене қатысқаны үшін Алғыс хат берді. 2016 жылы «TIMSS, PIRLS» халықаралық зерттеуі аясында қалалық семинарда өз үлесін қосқаны үшін мақтау қағазымен марапатталды. Көптеген шығармашылық еңбектері газет-журналдарда жарық көрді. Ерге жүк, елге сын болған заманда, нәзік жүрегімен ұстаз деген ұлы есімді арқалаған Адилбекова Райханға биіктерді бағындыра беруіне тілектеспіз.



**МАЛДЫБЕК Жанәділ Амангелдіұлы,
кәсіпкерлік және бизнес, технология пәнінің мұғалімі**

Еңбек жолын оқу-ағарту саласына арнаған, балаларға бар білгенін үйретуден әсте жалықпаған, білімді, білікті ұстаз, ұжымда сыйлы Малдыбек Жанәділ Амангелдіұлы 1993 жылдан бері А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектебінде жұмыс жасап келеді. Қазіргі заман талабына сай, жаңа технология әдістерін тиімді пайдалана отырып, шығармашылықпен табысты жұмыс жасап жүрген ұстазымыздың тәжірибесі мол, еңбегі ерен. Атап айтар болсақ, 2015 жылы Жанәділ Амангелдіұлының жетекшілігімен 10 «А» сынып оқушысы Мұқтарбек Қазыбек республикалық технология пәнінен ғылыми жоба жұмысы бойынша II-орынды иеленді. 2015 жылы Малдыбек Жанәділ «Ерен Енбегі» медалімен марапатталды.

2016 жылы Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамында қала көлемінде өткізілген «Наурыз-думан» атты қолөнер көрмесінде Мақтау қағазын иеленді. 2017 жылы біліктілігін арттырып, Сертификат алды. 2017 жылы «НҰР ОТАН» партиясының Түркістан қалалық филиалының Алғыс хатын, 2017 жылы «Ағашты көркемдеп өңдеу түрлері» атты жұмысының электронды нұсқасын Республикалық әдістемелік «sabaktar.kz» сайтында жарияланғаны үшін Сертификат иеленді. 2017 жылы 10 сынып оқушысы Амирханов Назархан «Үздік ғылыми жоба-2017» байқауында I дәрежелі дипломмен марапатталды.

2017 жылы «Тарихы терең Түркістан» Қолөнер бұйымдарының көрмесінен Мақтау қағаз, «Білімді Ел - Мәңгі Ел» фестивалінде Алғыс хат, «Жаңа оқыту технологияларын тиімді қолдану жолдары» тақырыбында облыстық шебер сыныпта үздік сабақ үлгісін көрсеткені үшін Мақтау қағаз табысталды. 2018 жылы «Білім беру ісінің үздігі» медалімен марапатталды. 2019 жылы маусым айында өткізілген Республикалық көркем еңбек БЛИЦ-турнирінің I дәрежелі дипломын иеленді.

Малдыбек Жанәділ Амангелдіұлы, білімнің биігінен, тәрбиенің төрінен көріне беріңіз!

**МУСАБЕКОВА Акнур Абуовна,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
информатика пәнінің мұғалімі**



Елбасымыз айтқандай “Болашақ - білімді жастардың қолында”. Сол нұрлы болашақты құру жолында әркез жастарға жол көрсетіп, көмек қолын созатын, үлгі бола алатын бірден бір тұлға - ұстаз. Ұлттың ұлы мұраты жолында өлшеусіз еңбек етіп, ұрпақ тәрбиелеу ісінде зор табыстарға жеткен, игі жандардың бірі әрі бірегейі - Мұсабекова Акнур Абуовна. Ол бала бағбандарының ішінде өзінің қажырлы еңбегімен, талмас жігерімен, мінезімен, шәкірттеріне деген сарқылмас ыстық ықыласымен ерекше көзге түсетін, шәкірттері мақтанатын, әріптестері үлгі тұтатын жан. Ұстаздың еткен еңбектері еленіп, әрқашан марапат пен ыстық ықыластарға бөленіп келеді. 2015 жылы – Білім беру жүйесін жетілдіру, сапасын арттыру жолында қосқан үлесі үшін «Ұстаз жолы» газеті редакциясының «Ерен Еңбегі үшін» медалі, Ұстаздарға арналған ғылым-білім республикалық интернет ресурстарында шығармашылық жұмыстары жарияланып, Алғыс хаты, 2016 жылы «Нұр Отан» партиясының Алғыс хаты, 2016 жылы Қала әкімінің Алғыс хаты, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген «Робот техникасы» элективті курсы бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша 80 академиялық сағат көлеміндегі курсты аяқтау –Сертификаты, 2017-2018 жылдары 80 сағаттық, 72 сағаттық курстардың Сертификаттары, 2019 жылы Білім саласында BilimLand ресурстарын белсенді пайдаланғаны үшін Алғыс хат табысталған. 2020 жылы – www.edulife.kz Республикалық онлайн әдістемелік сайты «Үздік сабақ жоспары» атты онлайн конкурсына қатысқаны үшін Сертификатпен марапатталды. Акнур Абуовна 2020 жылы Түркістан қаласы Әкімдігінің адами капиталды дамыту бөлімінің Алғыс хатын, Түркістан қаласының әкімі Р.Аюповтан Алғыс хатын, Түркістан облысының адами әлеуметті дамыту басқармасы, басқарма басшысы Р.Жолаевтың Құрмет грамотасы иеленген. 2020-2021 оқу жылы Жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің педагогикалық шеберлігін дамыту, кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында өткізілген «ЕҢ БІЛІМДІ ПЕДАГОГ – 2020» IV республикалық пән олимпиадасының бас жүлде мен «Үздік педагог» медалімен марапатталған. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ табысталды.

Сөздің соңын ұлағатты ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлының сөзімен аяқтайын: “Ұстаздық-ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккер егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ әкелген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз”.

**ЖУЗЖАСАРОВА Гульнара Заманхановна,
бастауыш сынып мұғалімі**



Жузжасарова Гульнара Заманхановна 1993 жылдан бері А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектебінде жұмыс жасап келеді.

Ұстаз жүгі қашанда ауыр... Сол ауыр жүкті талмай аркалап жүрген ұстаздарымыздың қатарында Гульнара Жузжасарова апайымыз да бар. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру мен жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде Гульнара апайдың еңбегі зор.

2016 жылы «Өрлеу» БАҰО АҚФ ОҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының Мадақтамасын, 2017 жылы ОҚО «Алтын ұрпақ» зияткерлік олимпиадасында оқушысы жүлделі I орынға ие болғаны үшін облыстық білім басқармасынан Мадақтамасын, 2017 жылы білім беру қызметкерлерінің тамыз педагогикалық оқуында Мақтау қағазын, 2017 жылы «Самұрық» оқушылардың математикалық зияткерлік сайысында белсене атсалысып, кәсіби шеберлігін, біліктілігін жоғары дәрежеде танытқаны үшін Алғыс хат, 3 сынып оқушысы Тұрсынхан Нұрасылдың «Сандар сыры» атты тақырыптағы ғылыми жобасына жетекшілік еткені үшін www.sabagtar.kz сайтының Құрмет грамотасын иеленген. 2018 жылы Республикалық «Білім шыңы-Ғылым сыры», «Мектеп» журналдарында үздік сабағы жарияланып, Алғыс хатпен марапатталды. «Білім беру ісінің үздігі» медалі және сертификат, «Жыл үздіктері-2020», «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ҰСТАЗЫ» ордендерінің иегері.

2019 жылы «Білім және Ғылым» порталында «Білім керек бәріне» тақырыбында авторлық материалы жарияланғаны үшін сертификат, Республикалық Блиц-Турнирне қатысқаны үшін үздік педагог сертификаты табысталған.

Республикалық ғылыми – әдістемелік орталығы «Самғау», «Даналық кілті - ғылымда» ғылыми жоба байқауының жоғары деңгейде өтілуіне атсалысып, ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін Құрмет Грамотасын иеленген. Ұстаздың биік белестерді бағындырып, жеңіс тұғырынан көріне беруіне тілектеспіз.



**ЖҰМАҒҰЛ Ақжан Адайбекқызы,
математика пәнінің мұғалімі**

Жұмағұл Ақжан Адайбекқызы, 1963 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы Жосалы кентінде дүниеге келген. 1980 жылы орта мектепті бітіріп Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь (қазіргі Қорқыт ата) ағындағы педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1985 жылы физика-математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша аяқтады.

1985-1988 жж мемлекеттік жолдамамен Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданындағы Қызыл жар орта мектебінде, 1987-1989 жж Түркістан қаласы №4 С.Сейфуллин мектебінде, 1990-1992 жж №17 Ататүрік мектебінде математика пәні мұғалімі болып жұмыс жасады.

1992 жылдан бастап қазіргі таңға дейін №1 А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектеп КММ-нің математика пәні мұғалімі болып еңбек етіп келеді.

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деген қағиданы ұстанған Ақжан Адайбекқызының білім саласына сіңірген еңбегі орасан зор. Ұстазының жолын қуып экономист, математик, есепші болып жұмыс жасап жатқан шәкірттері ел дамуы жолында беделді қызмет етіп келеді.

2006 жылы Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әдеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі Құрмет грамотасымен марапатталды.

2015 жылы оқушылар арасындағы өткен I республикалық математика пәні олимпиадасынан II орын алған оқушысы Ермахан Бағдаулет марапатталды.

2015, 2016, 2017, 2018 жылдары «Самұрық» математикалық зияткерлік сайысында көптеген шәкірттері жеңімпаз атанып, жетекшісі ретінде облыстық білім басқарамсының Алғыс хатына ие болды.

2015 жылы «Qirmet-AB» қоғамдық бірлестігінің «Білім беру ісінің үздігі» медалімен марапатталған.

2016 жылы Математика пәні бойынша мұғалімдерге арналған республикалық қашықтық олимпиадасына өзі қатысып, үздік нәтиже көрсеткенін растайтын сертификатқа ие болды.

2018 жылы Түркістан облысының білім басқармасы Түркістан облысы математика мұғалімдерінің қоғамдық бірлестігі, «Түркістан математигі» облыстық олимпиадасында II, III орын алған оқушылары Серікбай Айзере, Шәймерден Үміт марапатталды.

2020 жылы www.edulife.kz Республикалық қашықтық олимпиадасында оқушылары: Есіркеп Аяулым III дәрежелі, Есіркеп Ұлжалғас II дәрежелі, Сексенбай Жанарыс II дәрежелі дипломмен марапатталған.

Осы аталған оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға қосқан үлесі үшін Жұмағұл Ақжан Адайбекқызы Түркістан облыстық әдістемелік кабинеттің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды. Ұстазға жемісті жеңістер мен шығармашылық табыс тілейміз.



**КОЖАКОВ Тажидин Абтаевич,
музыка пәні мұғалімі.**

Кожиков Тажидин Абтаевич 1982 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Келінтөбе ауылында дүниеге келген. 1999 жылы орта мектепті бітіріп, Шымкент қаласындағы Халықаралық Қазақ-Араб университетінде экономика және құқық негіздері факультетін бітірді. 2008-2009 жылдары ХҚТУ-нің музыкалық білім мамандығын иеленді.

«Ұстаз болу - жүректің батырлығы, Ұстаз болу-сезімнің ақындығы» дегендей, Кожиков Тажидин – таңдап алған мамандығының қыр-сырын жетік білетін, еңбекқорлығы мен тынымсыз іс-қимылының жемісін көріп, шәкірттерінің сүйікті ұстазына айналған жан. Жас

ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты тұлға етіп тәрбиелеуде мектептің, оның ішінде шебер ұстаз - жетекшінің атқарар жүгі мол. Бәрімізге аян, музыка балалардың қиялын, талғамын, мәдениетін, өнерге деген сүйіспеншілігін дамытады. Мұғалімнің негізгі міндеті - оқушының ешкімге ұқсамайтын даралығын, шеберлігін көрсету, оны дамыту, жарыққа шығару. Әр мұғалімнің алдындағы сәулетті мұраты – өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу. Осы жолда шабытына шабыт қосатын ұстаздың әр еңбегінің құндылығы, сыры, міне, осында. Кожиков Тажидин Абтаевич түрлі өнер байқауларына шәкірт дайындап, биіктен көрінуіне өлшеусіз үлес қосып жүрген ұлағатты ұстаз. Ұжымда сыйлы әрі құрметті. Өнерде шыңдаған шәкірттері түрлі байқаулардың жүлдегерлері. Ұстаз Кожиков Тажидин Абтаевичтің еңбектері еленіп, көптеген марапаттардың, алғыс хаттардың иегері. Жуырда «ЕҢ БІЛІМДІ ПЕДАГОГ - 2020» облыстық пәндер олимпиадасының бас жүлдегері атанып, төс белгісімен марапатталды.

ҚР Тұңғыш президенті қоры сыйлығының иегері, Qaztest.kz сайтында Музыка пәнінен өткізілген мұғалімдердің қашықтық олимпиадасынан III дәрежелі дипломмен марапатталды

Ұстаздық қызметінде өнер әлеміне ерекше үн қосып, оның дамуы мен гүлденуі жолында талмай қызмет етіп келе жатқан Кожиков Тажидин Абтаевич шығармашыл шәкірттеріңізбен бірге шыңнан көріне беріңіздер деген ізгі тілегімізді арнаймыз.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

**ЖУМАКУЛОВА Кенжегүл Балғақызы,
№1 мектеп-гимназиясы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы**



«Инновация» сөзі «жаңашылдық», «жаңалық енгізу», «жаңару» деген мағына береді. Инновациялық тәсілдер оқушыларға дайын білімді беруді емес, оны іздеуді үйретеді. Білім саласындағы көзделген мақсатқа қол жеткізуде педагогикалық инновацияларды белсенді ендіруге қажеттілік пайда болады. Ал педагогикалық инновациялардың мағынасы мен мақсаты – ол алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім саласындағы жаңа әдістерді дайындау, енгізу, тестілеу және бағалау. Инновацияның негізгі критерийі – оның жаңашылдығы мен өзектілігі. Білім берудегі жаңашылдық мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді:

- Білім беру үдерісін ізгілендіру;
- Білім алушылардың танымдық іс-әрекетін оңтайландыру;
- Оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру;
- Әдіс-тәсіл және дидактикалық тұрғыдан оқу материалдарын өзгерту.

Білім беру мекемелерінде аталған мақсаттарға қол жеткізуге жаңа әдіс-тәсілдер көмектеседі.

Заманауи білім беру оқушыға барынша көлемді білім беруді емес, олардың өз бетінше ізденіп білім алуына және тек біліп қана қоймай, алған білімін іске асыра алуын талап етеді. Педагогикалық инновация негізінде екі шешуші тәсіл бар. Тұлғалық-бағыттаушы тәсіл білім беру үдерісінің әрбір оқушыға бағытталуын білдіреді. Заманауи педагогика әрбір оқушының ерекшелігін ескеріп, оның бірегейлігіне назар аударуы қажет. Бұл тәсілді іске асырудағы қағида – таңдау қағидасы. Оқушы өзін қызықтырған бағытты таңдай алады:

- Сенім қағидасы (мұғалімдер тарапынан қысым болмауы);
- Шығармашылық және табыс қағидасы.

Құзыреттілік тәсілі – оқу жетістігіне басымдылық беру. Бұл жерде оқу жетістігі тек білім алу ғана емес, оқушының алған білімін түрлі жағдайда дұрыс қолдана отырып, шешім қабылдай білуге қабілетті болуы көзделген.

Осы тәсілдерді негізге ала отырып, мектептерде білім беру мен бағалау жүйесіндегі әдіс-тәсілдердің ортақ инновациялық-педагогикалық технологиялар жиынтығын жасау қолға алынған. Заманауи педагогика мынадай инновациялық педагогикалық технологияларды ұсынады:

- Жобалық жұмыстар;
- Ойындық технологиялар;

- Қашықтан білім беру;
- Интерактивті технологиялар;
- Портфолио.

Осы технологиялардың әрқайсысына жеке тоқталып өтсек:

Жобалық жұмыс технологиясы оқушының шығармашылығын шыңдап қана қоймай, оның ұжымда жұмыс жасай білуін қалыптастырады. Жобамен жұмыс жасау белгілі бір мәселені шешуді және оның жолдарын табуды көздейді, бұл жұмыс жұптық немесе шағын топтық болуы мүмкін. Тіл мен әдебиет, химия және физика және тағы басқа да пәндер байланысы белсенді қолданылады. Бұл инновация жан-жақты ойлауды, сараптама жасай білуді, әлемнің біртұтастығын көруге мүмкіндік береді.

Ойын технологиясы білім беру үдерісінде сабақтың элементі ретінде қолданылады. Білім алушы түпкі нәтижеден ғана емес, оған қол жеткізу жолдарынан да оң әсер алады. Ойынға қатысушылар алдын-ала дайындалған, ескертілген ойын тәртібіне бағынады.

Қашықтан білім беру технологиясы бойынша арнайы платформаларда лекциялар, тапсырмалар және кеңес беру, жинақталған курстар жасалады. Білім алушылар уақыт бөліп өз бетінше білім алуға дағдыланады. Мектептер өздерінің ақпараттық ресурстарын пайдалана алады.

Мәселен, 2017-2018 оқу жылында «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қазақстан республикасы Білім беру жүйесінің басшысы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институты ұйымдастыруымен өткізілген «Білім беру сапасын басқару жүйесіндегі педагогикалық квалиметрия» тақырыбындағы курсынан өту барысында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары өз бетінше білім алуға дағдыландық. Дәлірек айтқанда, «Нормативтік - құқықтық модуль»; «Басқарушылық модуль»; «Педагогика-психологиялық модуль»; «Мазмұндық модуль»; «Технологиялық модуль»; «Вариативті модуль» аясында жоба жұмыстарын дайындап, тесттер тапсырдық. Арасында курс тренері Мурзекенова Жанар Шынасыловна тарапынан онлайн кеңес алып отырдық. Курс соңында тренердің қатысуымен жоба жұмысын қорғап, қорытынды тест тапсырдық. Нәтижесінде қашықтан білім беру үдерісін толықтай меңгердік.

Интерактивті технологияларда мұғалім мен оқушы орын алмасу арқылы топтық жұмыс жасап, ақпарат ала

отырып, жаңа мүмкіндіктермен танысады. Интерактивті технологиялар мектепте семинарлар, пікірталастар өткізу арқылы іске асады, бұл жерде оқушылар өз ойларын дәлелдеп жеткізуге машықтанады.

Портфолио – білім берудегі жетістіктер динамикасына баға беру технологиясы. Бұл инновация мынадай ақпараттарды жинақтау арқылы жүзеге асады: «Электрондық портфолио», «Жетістіктер қалтасы» және «Өсу күнделігі». Бұл жерде барлық жобалар, жиналған материалдар, түрлі жобаларға, пікірталастарға қатыс-

қаны туралы мәліметтер және нәтижелер жинақталады.

Аталған технологиялар әр оқушының тұлғалық ерекшеліктерін, қажеттілігі мен ынтасын ескере отырып қолданылады. Қорыта айтқанда, оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетінше ізденуге, шығармашылық тұрғыдан жұмыс жасауға жол салады.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА СТАНДАРТТЫ МЕҢГЕРТУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ



*САПСЕНБАЕВА Алия Раманкуловна,
«Болашақ» мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.
Шымкент қаласы*

«Қашықтықтан оқыту» дегеніміз - оқу үдерісін ұйымдастыру формасының, адамның білім алуға, ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі болып табылады. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін мұғалім оқытудың жаңа технологиясын, ақпараттық-коммуникативтік технологияны тиімді қолдана білуі қажет. Ұстаз да, оқушы да қашықтықтан оқытудың мектепте, өз сыныбындағыдан да маңызды екендігін түсінді, себебі арада қашықтық бар.

Қашықтықтан білім беру барысында оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыру, оқу түрлері бойынша уақыт нормаларын онлайн режимін ескере отырып жоспарладық. Ең маңызды сәт оқу платформасын таңдау қажеттілігі туындады. Қашықтықтан білім беру формасын іске асыру теледидарлық, желілік және кейс-технология бойынша жүзеге асырылды. Барлық ұстаздар секілді қашықтықтан оқыту форматын таңдау барысында «ELARNA», «БАЛАПАН» телеарналарынан телесабақтардың көрсетілетіні (кесте бойынша); телесабақтарды кез келген ыңғайлы уақытта BilimLand платформаларынан, YouTube арналарынан қайта көру мүмкіндігі, интернет ресурстарының BilimLand, Kundelik.Kz, Daryn.online, GoogleClassRoom мүмкіндіктері қуантты. Бірақ, кішкентай бүлдіршін-дерімізге оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жанартылған бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптарына сай стандартты меңгерту үшін аздық ететіндігін ескере отырып «Болашақ» мектебінің YouTube каналын ашу туралы ой туындады, себебі қашықтықтан оқыту

кезінде оқушымен байланыс ең маңызды болып табылатындығын ескере отырып ZOOM платформасының мүмкіншілігін кеңінен қолдандық (демонстрация, жазба-запись). Бастауыш сынып оқушыларының білім нәрімен еркін сусындауына қосқан әрбір ұстаздың еңбегінің үлесінің шексіз екендігін ескере отырып, сонымен қатар өзінің жеке арналарын ашып, өз сабақтарын жүктеп отырған, ата-ана ғана емес әріптестерінің алғысына бөленген бастауыш сынып мұғалімдері Г.Естемированың, С.Сыдықтың, И.Жиеналиеваның, А.Ешенкулованың, информатика пәні мұғалімі А.Қонысбектің, қазақ тілі пәні мұғалімі Р.Исмадуллаеваның, ағылшын тілі пәні мұғалімдері Б.Карабаеваның, А.Ахметованың еңбегін атап өткенді жөн санап отырмын.

Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде көрсетілген бастауыш білім берудің мақсаттары жүйесіне қол жеткізу есебінен оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға, қазақ, орыс және шетел тілдерінде білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті жағдай жасауға сын тұрғысынан ойлау қабілетін, зерттеу жұмыстарын жүргізе білу, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана білу, топпен және жеке жұмыс дағдыларын қалыптастыру мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды.

Стандартта «Бастауыш білім берудің мазмұны үштілді білім беру саясаты» шеңберінде іске асырылады. Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің алуан түрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз елінің

мәдениетін бағалайтын, басқа елдердің мәдениетін түсінетін және сыйлайтын Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді. Үштілді білім беру іс жүзінде мынадай жолдармен іске асырылады: сабақтан тыс жұмысты қазақ, орыс және шетел тілдерінде ұйымдастыру болып табылады делінген. Осыны ескере отырып бастауыш сынып оқушылары арасында онлайн сайыстар ұйымдастырылғанын, «READx»-жобасы аясында "Мен оқыған бір кітап" айдарымен үш тілде оқыған кітабымен бөлісе білгендігін, ғылыми-практикалық конференцияда өз жұмысын ағылшын,

орыс тілдерінде еркін жеткізген оқушыларымыз болғандығын ерекше қуаныш сезіммен айта аламын. Бастауыш сынып оқушыларына тәлім-тәрбие беретін ұстаз бойында қамқорлық, шыдамдылық, шеберлік, тапқырлық, аналық махаббат болуы керек. Оқушылардың деңгейін ескере отырып, оларды мектеп өміріне бейімдеуіміз, жалықпайтындай етіп жұмыс жүргізуіміз, функционалды сауатты, ең бастысы ТҰЛҒА, АЗАМАТ болып қалыптасуына жағдай жасауымыз қажет. Сонда ғана білім нәтижелі болады деп есептеймін.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУДАҒЫ ҮҚПАЛЫ ЗОР



*ОРАЗКУЛ Мархабай Амангелдіқызы,
«Қызылқұм» жалпы орта мектебінің бастауыш оқу ісінің меңгерушісі.
Түркістан облысы, Шардара ауданы*

Жалпы білім беретін орта мектептердің оқу-тәрбие жұмыстарында көркем еңбек сабағы Қазақстан Республикасының бастауыш білімнің мемлекеттік стандартына сай құрылған оқу бағдарламасы. Көркем еңбек пәні оқушыларға өзіне-өзі қызмет етуді, ауылшаруашылық еңбекке баулуға, техникалық еңбектегі жұмыстарға үйретеді. Көркем еңбек пәні – мектеп оқушыларына жай ғана білім беріп қана қоймайды, ең бастысы оқушыларды ізденімпаздыққа жетелейтін, еңбекқорлыққа тәрбиелейтін, дүниетанымын кеңейте түсетін, техникалық сауаттылықтарын арттыра түсетін пән екені айқын көрініс көрсетеді. Көркем еңбек пәнінің басты міндеттерінің бірі негізінен мектеп оқушыларына еңбекке тәрбиелеу, сурет салуға машықтандыру, қолөнер шеберлігін шыңдауға баулиды. Әсіресе, бастауыш сатысындағы білімалушы жасөспірімдерге жеткізіп, асқан шеберлікпен тапсырмаларды орындату барысында мұғалім мен ата-ананың да тигізер көмегі орасан зор. Осы еңбек түрлерінің жиынтығынан оқушыларға көркем еңбек пәнінің берері, олардың шығармашылық қабілеттерін де оятады. Көркем еңбек сабағында жасөспірім оқушылардың еңбекке баулу ынтасын арттырып, сурет салу техникасын меңгертіп, қолөнер шеберлігін шыңдау кезеңдерінде, оқулықта берілген әртүрлі шартты белгілерді сабақтарда қолдану барысында, оқушыларға шығармашылық тапсырмаларды тапсыру барысында, оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызады. **Көркем еңбек оқулығындағы шартты белгілер: ойлан және жасау бер, Өзің жаса, тәжірибе жаса, ата-анаңмен бірге орындалатын жоба жұмысы, әңгіме құра, абай бол, оқы, бұл қызық, мәліметті қосымша, дереккөздерден тап, байқампаз бол.**

Осы шартты белгілер оқушыларға шығармашылық жұмыстар беру кезінде өзіндік жұмыс жасауына қолдану

барысында оқушының ойлау қабілетін, ізденімпаздығын, еңбекқорлығын, еңбексүйгіштікке тәрбиелейді және эстетикалық тәрбие алуға бағыттайды. Сонымен қатар көркем еңбек сабағында оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға бағыттайтын тапсырмалар суреттер салу, панно жасау, достарына және жақындарына ашық хаттар жасауда, ұлттық бұйымдардың суретін салу және қолөнер жұмысын жасауда, натюрморттар жасауда, қоршаған ортаны қорғау тапсырмалар кезін әртүрлі плакаттар жасауда, «Ғарышқа саяхат» бөлімінде аспан шамын жасауда өз қиялына ерік беріп ойластырып құрастыруда, «Атақты тұлғалар» бөлімінде фотосуретке әртүрлі көңіл-күймен түсуі, полимер балшықтан жұмыстар жасауда, «Сәулет өнері» бөлімінде сәулет өнеріне өз үлесін қосуды сурет салумен жеткізу барысында оқушылардың иллюстрациялық қабілеттерін нығымдай түсетіні байқалады.

Көркем еңбек сабағындағы орындалған шығармашылық қабілеттілік әртүрлі интеллектуалды байқауларға қатыса алуына да жол ашады. Оқушы өз шеберлігін байқауларға, сайыстарға қатысуда батылдық көрсете алады. Осы орайда қазақта айтады ғой жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын дегендей, менде өз шәкірттерімнің байқауларға қатысып, жүлдегер атанғаны туралы айта кеткенді жөн көрдім. Абуразақ Кәусар қолөнерімен, Пердебай Нұрай, Тасболат Алтынай, Пердебай Назым, Тасболат Сезім, Тасберік Жадыра, Жарылқап Кәусарлардың сурет салу өнерлерімен Республикалық интеллектуалды білім порталының ұйымдастыруымен өткен байқауларда жүлделі орындарға иеленді.

Оқушылардың шығармашылық жұмыстары

Қорыта айтқанда сурет салу, қолөнер жұмыстары сырттай қарағанда ешқандай қиындығы жоқтай

көрінгенімен, оп-оңай жасалатындай көрінетін тәрізді. Алайда, іс-жүзінде шығармашылық жұмыс және оқушының қабілеті ойлау барысында ой елегінен өткізу, ойша құрастыру, қолөнер жұмысын жасау барысында оны мейлінше ештеңеге ұқсатпай өз ойынан шығару, әшекейлеу, құрастыру жұмыстары өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Сурет салу барысында дәптерге түсіру, қолөнер барысында

мейлінше әшекейлеп, көркемдеп жасау оқушының білім дағдысын арттыруы, іскерлігін шыңдайды, ойлау қабілеттерін қалыптастырады, эстетикалық тәрбие алады. Көркем еңбек пәнінің оқушының шығармашылық қабілетін жан-жақты ашуға, дамытуға ықпалы зор.



ҚАШЫҚТЫҚТАҢ БІЛІМ АЛУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ШОБАНҚЫЗЫ Құралай,
*Қ.Сыпатаев атындағы жалпы орта мектебінің
оқу ісі жөніндегі орынбасары.*
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы

Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесі қашықтықтан оқыту технологиясын кең көлемде пайдалануда. Ғалымдардың пайымдауынша, қашықтықтан оқыту – студенттің білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде білімін арттыруға мүмкіндік береді. Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарының бірі – оқушылардың білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай жасау болмақ. Біздің елімізде корона-вирустың таралуына қарсы күрес шараларын күшейту мақсатында сәуір айынан бастап оқу процесі республика бойынша барлық оқушылар үшін қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы жүргізіліп келеді. Қашықтықтан оқыту жүйесі жаңадан қанат жайып келе жатқан білім беру саласындағы инновациялық бағыт болып табылады. Біздің елімізде соңғы уақытта қашықтықтан оқытудың мүмкіндіктерін зерттеу (осы жүйенің оң және теріс жақтары) көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Әлемдік білім жүйесінде үлкен прогресс бар. Күн сайын қазіргі заманғы адам өмірін жеңілдететін жаңа теориялар мен бейімделулер пайда болып жатыр. Қазақстанда қашықтықтан оқыту - бұл жаңалық емес. Қашықтықтан білім беруге білім реформасы ұзақ уақыт дайындалып келеді. Оқушыға да, ұстазға да уақытты үнемдеуге көмектесетін бұл жүйенің ерекшеліктері мен кемшіліктеріне тоқталуды жөн санаймын. Мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың пікірлері білім берудің бұл формасында өзін-өзі тәрбиелеудің үлкен рөл атқаратындығын білдіретін ортақ ойға келді. Мысалы, қашықтықтан оқу басталғалы жауапкершілігі мықты шәкірттердің, сыныптардың білім сапасы жақсара бастаған. Сонымен қатар ұстаздардың бақылауынан, оқушылардың көз-қарасынан қысылатын кейбір балалардың қашықтықтан оқыту кезінде сабақ үлгерімі ілгерілеген. Себебі, ол көп нәрсеге көңіл аудармай сабақ процесімен ғана әуре болады. Түрлі сылтаулармен сабақтан қалатын оқушылар да қашықтықтан оқыту кезінде еріксіз сабақ оқи бастағаны айқын. Оқушылар ауырып қалған жағдайда да смартфон, компьютерін қосып түрлі тапсырмаларды орындай беруіне

ешқандай кедергі жоқ. Сондықтан, қашықтықтан оқыту оқушының ұзақ уақыт ауырып қалған кезінде де немесе мектепке бара алмау жағдайында да жалпы оқушылар арасында қалып, мектеп бағдарламасымен оқуға көмектеседі.

Сонымен қашықтықтан оқытудың тиімді жақтарын санамалап көрейік:

1. Оқуға дайындалу, тапсырманы орындау уақытын оқушы өзі белгілейді.

2. Еркіндік пен шығармашылық ойлау дами бастайды. Оқушы өзін қаншалықты дамытқысы келсе де, креативті ойларын жүзеге асырса да ешкім кедергі емес.

3. Қол жетімділік – оқушы үйде отырғанымен оған барлық нәрсе қол жетімді. Көрнекілік, қажетті құралдар т.б. Тек өзінің тәуелсіздігін тиімді пайдалана білгені дұрыс.

4. Ұтқырлық - мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты тиімді жүзеге асыру оқу процесінің табысты болуының негізгі талаптарының бірі болып табылады.

5. Технологиялық тиімділік - оқу үрдісінде оқушы мен ұстаз ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың соңғы жетістіктерін қолдану.

6. Әлеуметтік теңдік - білім алушының тұрғылықты жеріне, денсаулығының жай-күйіне, элита мен материалдық қауіпсіздігіне қарамастан бірдей білім алу мүмкіндігі бар.

7. Шығармашылық-оқушының шығармашылық ойын дамытуға, жетілдіруге қолайлы жағдай.

Ыңғайлы ортада оқытудың маңызы зор. Еуропа елдерінің қашықтықтан оқыту жүйесіне көшкеніне көп уақыт болды. Олар үшін қашықтықтан оқыту қалыпты жағдай. Бүгінгі біздің қолданып отырған Zoom, Classroom бағдарламалары он жыл бұрын қолданыла бастады. Бұл бағдарламаларда екі мыңға жуық адам жұмыс істейді. Біздегі басты кемшілік ұстаздар мен оқушыларда емес. Басты қиындық туғызғаны интернет желісінің баяу болуы, соның салдарынан бағдарламалардың ақау беруі дау тудырған еді.

Қашықтықтан оқыту ұйымдастыру мен тәртіпті талап етеді. Мысалы, бастауыш сыныптағы кішкентай балалар үшін қашықтықтан өз бетінше білім алу қиын. Олар үнемі ата-ананың, ұстаздың бақылауын қажет етіп тұрады.

Дәстүрлі оқу кезінде үйде де, мектепте де оларға арнайы көңіл бөлінеді. Ата-ананың орындай алмайтын кейбір функциясын ұстазы орындайды, ал ұстазы жеткізе алмаған нәрсені ата-ана іліп алып кетіп отырады. Ал қашықтықтан оқыту кезінде бастауыш сыныптарда оқитын балаларға эмоция, кері байланыс жетіспейді. Сондықтан, жоғары сыныптарға қарағанда бастауыш сыныптарға қашықтықтан білім беру тиімсіз.

Сонымен қашықтықтан оқытудың тиімсіз тұстарын тізбелеп көрейік:

1. Оқушы мен оқытушы арасында толыққанды байланыс болмауы. Яғни, жеке көзқарас пен білімге байланысты барлық сәттер алынып тасталады.

2. Егер жақын жерде білімді эмоционалды түрде бояйтын адам болмаса, бұл айтарлықтай минус.

3. Бірқатар жеке психологиялық жағдайлардың қажеттілігі. Қашықтықтан оқыту үшін өзін-өзі ұстау қатаң талап етіледі, оның нәтижесі оқушының дербестігі мен санасына тікелей байланысты.

4. Ақпарат көздеріне үнемі қол жетімділіктің қажеттілігі. Жақсы техникалық жабдықтар қажет, бірақ оқығысы келетіндердің барлығы бірдей компьютер мен интернетке қол жеткізе бермейді.

5. Әдетте, оқушылар практикалық сабақтың жетіспеушілігін сезінеді.

6. Оқушыларға үнемі бақылау жасалмайды және жасау

да қиын.

7. Үйірме жұмыстарына кері әсерін тигізеді.

8. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқытудың негізі жазба түрінде жасалады. Кейбір оқушылар үшін өз білімдерін жазбаша түрде жеткізу үлкен кедергі болуы мүмкін.

Қазіргі таңда оқушылардың әртүрлі білімдерін көтеру және оқушымен тұрақты байланыс орнату мақсатында жасалған интернет ресурстар мен құралдар жеткілікті. Дегенмен стандартты орындауға, оқушыға сапалы білім беруге міндеттіміз. Әр оқушымен жеке байланыс орнатып, өз деңгейіне сай тақырыптық сұрақтар дайындау, сонымен қатар, әр орындалған тапсырмаға кері байланыс беру мұғалім міндетіне жүктеліп отыр.

Біз мұндай қиыншылықтан қалай шыға аламыз? Немесе қалай тиімді жүзеге асырамыз? Біз үйден интернет арқылы оқушыларға ресурстар мен тапсырмалар беріп, оның орындалуын бақылауды автоматтандыра аламыз. Біз қашықтықтан оқыту дегенді сырттай оқытумен шатастырмауымыз керек, және бұл үй жұмысы секілді күнделікті және үздіксіз процеске айнала алады.

Қорыта келгенде, оқушылардың бірнеше ақпарат көздерінен өзекті ақпаратты таңдауға дағдыландыру қажет деген оймен, біз мұғалімдер жаңашылдыққа және үнемі ізденіске, сабақ барысында бір ғана кітаппен шектелмеуге шақырамыз.



ГУЛЬТОРАЕВА Нигара Турсунматовна,
№94 жалпы орта мектебінің математика және физика пәндерінің мұғалімі.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ АСЫЛ МҰРАСЫ



САМАНДАРОВА Гулнара Гафуровна,
№94 жалпы орта мектебінің физика және информатика пәндерінің мұғалімі.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Әл-Фараби дүниенің білім және ой тарихынан құрметпен орын алған ұлы түрік ғалымы, ойшылы. Физика, химия, медицина, математика ғылымдарында және философияда жеткен нәтижелерімен Еуропа мәдениетінде үлес қосқан, кітаптары XVIII ғасырдың соңына дейін Еуропа университеттерінде оқылған түрік дарыны. Бағыстың білім әлемінде оны әл-Фарабиус атымен таниды.

2020 жылы «Әлемнің екінші ұстазы» атанған, күллі түркі жұртының бас ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде тойланатын болды. Сондай-ақ, еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев халқымыздың тарихтан тағылым алып, ұлы бабаларымызды әрдайым ұлықтай білгенін айтып, мұралары «Рухани жаңғырудың» маңызды бағдарына айналуды қажет екенін атап өтті.

Ұлы даланың ұлық тұлғасы Әл-Фарабидің аты бүкіл

әлемге мәшһүр. Ұлы ғұлама, данышпан, энциклопедист әлемнің екінші ұстазы атанған ғалым. Ол 870-950 жылдары Сырдария бойындағы Отырар қаласында туып-өскен. Шын есімі Мұхаммед Ибн Ұзлағ Тархани болып, сол кездері Отырар қаласы Фараб деп аталғандықтан, ғұлама ғалым өзінің Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед Ұзлағ Ибн Тархан есімін туған жеріне байланыстырып, Әл Фараби деп атаған. Яғни, Фарабидің әкесінің есімі Ұзлағ, арғы атасы Тархан болған. Әл-Фараби 870 жылы Жібек жолының маңызды орталықтарының бірі болған Отырар қаласының маңында дүниеге келген. Фараби оқып-жазуды туған қаласында үйреніп, заманының ең атақты ғұламаларынан сабақ алды. Тәлімін кеңейту үшін әуелі Иранға, кейін Бағдатқа кетті. Фараби Бағдатта болған кезінде кілең атақты кісілерден дәріс алған және өзі де сабақ оқытқан. Әсіресе логика және грамматика пәндері мен араб тілін меңгеруді

осы қалада жалғастырды. Ол исламның ақылға негізделген дін екеніне сенетін діншіл адам еді. Фараби парсы, араб, латын және грек тілдерін үйренді. Әсіресе грек ойшылдары Аристотель мен Платон пікірлерінің синтезін жасауға және Сократ философиясының негізін жарыққа шығаруға көп еңбек етті. Сондықтан да оны «Хадже-и-сани», яғни «Екінші ұстаз» деп атады. Ол бала кезінен сол дәуірдегі өркениет пен мәдениеттің ірі орталықтары саналған Бұхара, Самарқанд, Мерф, Бағдат, Харран, Рей, Каир, Алеппа, Шам қалаларында болып, үнемі білімін жетілдіріп тұрған. Жасөспірім шағында елге келген керуенмен ілесіп, Бағдатқа барады. Әл-Фараби сауатын түркі тілінде ашып, өзін ақын-күйші, әнші ретінде танытқан. Ғұламаның өлеңдерінен үзінділер де сақталған және күйшілігі туралы деректер де кездеседі. Әл-Фараби өмір сүрген заманда бүкіл Орта Азия мен Түркістан Араб халифатының ықпалында болғандықтан, халық қарым-қатынас жасау үшін араб, парсы, түркі тілдерін қатар қолданған. Фараби де бірнеше тілдерді: парсы, түрік, араб тілдерінен бөлек грек, қытай, латын, санскрит және басқа тілдерді үйренеді. Сол заманда дамыған барлық ғылым салалары мен өнер түрлерін жетік меңгеріп, оның дамуына өз үлесін қосады. Осылайша, кейінгі ұрпаққа мол мәдени асыл мұра қалдырды. Оның заманы Жібек жолы бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне тұспа-тұс келді. Әл-Фараби Парсы, Ирак, Араб елдеріне жиһангездік сапарлар жасап, барған жерінде көптеген ғұламалар мен ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысады. Олардың мәдениеті мен қатар тілін үйренген. Тарихи деректерде Әл-Фараби 70-ке жуық тіл меңгерген деп көрсетіледі.

Әбу Насыр Әл-Фараби өз заманындағы ғылымның барлық салаларынан, әсіресе, математика, астрономия, физика, жаратылыстану ғылымдарынан көп мұралар қалдырды. «Ғылымдар тізбегі» деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен-үлкен бес салаға бөледі:

тіл білімі және оның тараулары;

логика және оның тараулары;

математика және оның тараулары;

физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары;

азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы.

Ғалым бұл ғылымдардың бәрінің пәнін анықтап, қысқаша мазмұнына тоқталады. Әбу Насыр Әл-Фараби математик ретінде өзара тығыз байланысты үш салада еңбек еткен. Олар:

1) математиканың методология мәселелері (математикалық ғылымының пәні, негізгі ұғымдары мен әдістерінің шығу тегі);

2) математикалық жаратылыстану;

3) математиканың кейбір нақты тарауларын жасауға қатысуы.

Әбу Насыр Әл-Фараби математиканы жеті тарауға бөледі. (арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, статика, механика).

Ол - алгебраны математиканың дербес бір саласы ретінде қарастырып, алгебра пәнін алғаш анықтаған оқымыстылардың бірі. Осыған байланысты Әбу Насыр Әл-Фараби сан ұғымын оң нақты сан ұғымына дейін кеңейту туралы аса маңызды идея ұсынды. «Ғылымдардың шығуы» деп аталатын трактатында математиканың шығу тегі мен себептерін ашуға тырысады. «Евклидтің бірінші және бесінші кітаптарының кіріспелеріндегі қиын жерлерге түсініктеме» деп аталатын еңбегінде математиканың методология мәселелері жөнінде құнды пікірлер айтқан. Ол ұзақ уақыт мінсіз, мүлтіксіз саналып келген Евклид

«Негіздері» кітабын сынауға, өңдеуге, түзетуге болатынын іс жүзінде көрсетіп, математиктерге дұрыс жол сілтеген. Әбу Насыр Әл-Фараби математиканың философия іргетасын қалаумен қатар, оны табиғат құбылыстарын зерттеуге батыл қолданудың қажеттігін іс жүзінде танытты. Әбу Насыр Әл-Фараби пікірінше, математика анық, ақиқат білімді береді және басқа ғылымдардың дамуына күшті ықпал жасайды. «Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс» деп аталатын еңбегінде ол ғылыми астрологияны астрономиядан бөліп қарап, Аристотельдің логикалық шығармаларында айтылған қағидалар мен жаратылыстану ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып, белгісіз, кездейсоқ құбылыстарды алдын ала болжауға болатынын немесе болмайтынын ажыратуға тырысады. Әбу Насыр Әл-Фарабидің бұл пікірлерінің кейіннен ықтималдар теориясының философия, логикалық негіздерін қалыптастыруда маңызы зор болды. Ол математикалық, жаратылыстану саласында ірі еңбектер жазған. Әбу Насыр Әл-Фараби ежелгі гректің ұлы математигі және астрономы Птоломейдің «Алмагес» жазбасына көлемді түсініктеме жазған. Бұл еңбек «Алмагеске түсініктеме» деген атаумен белгілі. Астрономия және математикалық тарихында үлкен маңызы болған Әбу Насыр Әл-Фарабидің бұл трактаты тригонометрияны дамытуға да игі ықпал жасады. Ол өзіне дейінгі және тұстас математиктердің еңбектеріне сүйене отырып, тригонометрия сызықтар жөнінде өз ілімін жасады. Мұндағы негізгі бір жаңалық Әбу Насыр Әл-Фараби синус, косинус, синус-ферзус, тангенс, котангенс сызықтарын бірыңғай радиусы тұрақты шеңбер ішінде қарастырды. Олардың арасындағы қатынастарды ашты, кейбір қарапайым қасиеттерін айқындады. Ол тригонометрияның кестелер жасауда аса қажет болып табылатын бір градус доғаның синусы мен косинусын анықтауда елеулі табыстарға жеткен. Әбу Насыр Әл-Фараби осы айтылған тригонометрия мағлұматтарға және басқа да қосымша математика материалдарға сүйене отырып, «Алмагес»те қарастырылған астрономия және география мәселелерін математикалық жолмен шешудің ең жеңіл әдістерін ұсынады. «Геометриялық фигуралардың егжей-тегжейі жөнінде табиғи сырлары мен рухани әдіс-айлаулар кітабы» геометрияның салу есептерін сұрыптап, бір жүйеге келтірген. Жүзден аса есептің салу әдістері көрсетілген. Бұлардың ішінде: парабола салу, бұрышты трисекциялау, кубты екі еселеу, дұрыс көпбұрыштар салу, көп жақтар салу, жазық фигураларды түрлендіру т.б. бар. Әбу Насыр Әл-Фараби тұрақты циркуль мен бір жақты сызғыш жәрдемімен шешілетін есептерді де мол қарастырды.

Физика саласындағы Әбу Насыр Әл-Фарабидің көрнекті еңбегі «Вакуум туралы» деп аталады. Мұнда ол вакуум жоқ екенін ежелгі гректерде сирек кездесетін тәжірибеге сүйенген логикалық қорытындылар арқылы дәлелдеуге тырысқан. Әбу Насыр Әл-Фараби бұл еңбегінде вакуум мәселесінен басқа да физиканың әр түрлі мәселелерін қарастырып, сол кездегі ғылымның дәрежесіне сай өз шешімдерін дұрыс тапқан (дененің жылудан ұлғаюы не кішіреюі, түсірілген кернеуге, қысымға байланысты ауа көлемінің ұлғаю немесе кішірею заңдылықтары, ауаға түсірілген кернеудің берілуі, т.б.).

Әбу Насыр Әл-Фарабидің философия және натур-философия еңбектерінде жаратылыстанудың көптеген мәселелеріне тоқталады. Жаратылыстану саласында жазған трактаттарында физикалық құбылыстарды талдайды. Оның таразы туралы, механизмдер туралы, оптика мен бос кеңістік (вакуум) туралы көптеген құнды тұжырымдары әлемге әйгілі. Ол механикаға математика мен геометрия әдістерін жан-жақты пайдаланды, тәжірибені логикалық

терең ойлау нәтижелерімен ұштастырды. Астрономияда күн апогейі орнының тұрақты болмайтынын өз тәжірибесі арқылы бақылап анықтаған. Сәуленің таралуын геометриялық оптика заңдылықтарымен дәлелдеп береді. Сәуленің жиналу, сыну, тарау, шоғырлану заңдылықтарын геометриялық дәл әдістермен тапқан. Әбу Насыр Әл-Фарабидің шұғыла туралы түсінігі Еуропа ғылымына 17 ғасырда ғана мәлім болды. Оны неміс астрономы И. Кеплер арабшадан аударып «фокус» деп атаған. Мұны Әбу Насыр Әл-Фараби сегіз ғасыр бұрын «күйдіру», «оттық орын» мәнінен шығарып «мұхарак» деп атаған. Ол және өз қолымен ойыс айна, яғни парабола, линза жасап ғылымда қолданған да болатын. Әбу Насыр Әл-Фараби ежелгі гректің ұлы астрономы Клавдий Птоломейдің еңбектерін түсіндіре, кемелдендіре отырып, өз тарапынан да теориялық (мате-

матикалық), практикалық мәні зор қорытындылар жасап, соны идеялар, пікірлер айтады. Мысалыға, ол тарихта тұңғыш рет Шолпан планетасының Күннің бетін басып өтуін бақылайды, «Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс» деп аталатын трактатында ғұлама ғылыми астрономияны, жұлдыздардың орны, түр-түсі, қозғалысы т.б. көрінерлік қасиеттеріне сүйеніп, жер бетіндегі оқиғалардың, адам өмірінің болашағын алдын-ала болжауға болады дейтін дүдәмал, күмәнді ғылымсымақты астрологиядан бөліп қарайды.

Қорыта келе, біз мұғалімдер Әл-Фараби бабамыз айтуы бойынша бақытты шын мәнінде-білімде екенін ұғынатын жастарды тәрбиелеуіміз керек деген тұжырымға келдік. Әбу Насыр Әл-Фарабидің асыл мұрасын үйрену, оны өмірде қолдану біз үшін парыз екенін әр кезде ескеруге тиіспіз.

ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ӨНДІРІСТІК ШАРУАШЫЛЫҚҚА ӨТУІ

ӘБДИҒАЗИЗҚЫЗЫ Лиза,
№60 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы




Осы сабақ арқылы жүзеге асатын мақсаттары	2.3.1.1. Көрнекі материалдар негізінде өңдеуші және өндіруші шаруашылықтар арасындағы айырмашылықты анықтау.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:	
	Өңдеуші шаруашылық, өндіруші шаруашылық ұғымдарын және олардың арасындағы айырмашылықты түсінеді.	
	Оқушылардың басым бөлігі:	
	Оқулық суреттерінен, дәптерден ақпарат алады, талқылайды, қорытынды шығарады.	
Бағалау критерийлері	Кейбір оқушылар:	
	Ежелгі адамдардың жетістіктерін, шаруашылықтарының өндірушіліктен өңдеуші түрлеріне дейін ілгері дамуын меңгереді.	
Тілдік мақсат	1. Шаруашылық дегеннің не екенін біледі; 2. Өңдейтін және өндіретін шаруашылықты ажыратады.	
	Өндірістік шаруашылық – егін егіп, мал өсіру.	
	Колорак, кетпен - алғашқы еңбек құралдар.	
	Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Тірек сөздерді сабақ барысында қайталап айту.	
	Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Ғұндардың билеушісі кім? 2. Ежелгі қалаларды атайық. 3. Ғұндар қандай іспен айналысқан? 4. Архелог қандай ғылым?	
Әдіс-тәсілдер	«Ой қозғау», «Ойлан, бірік, бөліс», «Кинометафора», «Тапқыштар».	
